БЕЙСЕНБІ №21 (4415)
22.02.2024

AIQYN

www.aikyn.kz
e-mail: aikyngazeti@gmail.com
www.facebook.com/aikyn.kz
@aikyngazeti

4 870202 250024

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

ЕКІЖАҚТЫ ҚАТЫНАС **ҚАРҚЫНДЫ ДАМУДА**

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Ресей Федерациясының Президенті Владимир Путинмен кездесті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазан қаласында алғаш рет өтетін «Болашақтың ойындары» халықаралық турнирінің ашылу рәсіміне шақырғаны үшін Ресей Президентіне алғыс айтып, бұл бірегей сипаттағы шара екенін атап өтті.

– Шын мәнінде, «Болашақтың ойындары» – IT интеллект пен спорт ұштасқан бірегей формат. Біз мұнда мықты команда әкелдік. Жақсы нәтиже көрсетеді деп үміттенеміз. Жалпы, Қазақстанда IT секторы дамып келеді. Біздің өз ойындарымыз бар. Халықаралық деңгейде жарыстар өткіземіз. Ресей Федерациясы дер кезінде қолға алған осы бастаманы жалғастыру үшін келесі «Болашақтың ойындарын» біздің елімізде ұйымдастыруды ұсынамын, – деді Президент.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан мен Ресей арасындағы екіжақты қатынастардың қарқынды дамып келе жатқанын атап өтті.

– Бұл – біздің жаңа жылдағы алғашқы кездесуіміз, Владимир Владимирович. Біз бәріміз Ресейде 17 наурызда өтетін президент сайлауын күтіп отырмыз. Түпкілікті нәтиженің ойдағыдай боларына күмәніміз жоқ. Өйткені Ресей сіздің беделді басшылығыңызбен таңғаларлық табысқа қол жеткізіп келеді. Шын мәнінде, сіз өз мәлімдемелеріңізбен, іс-әрекетіңізбен жаһандық күн тәртібін қалыптастырасыз. Бұл біздің ынтымақтастығымызға және сіздің былтыр қараша айында Қазақстанға жасаған мемлекеттік сапарыңыз кезінде қол жеткізілген уағдаластықтардың орындалуына оң ықпалын тигізетіні сөзсіз. Менің ойымша, қос тарап, екі елдің үкіметтері аталған уағдаластықтарды табысты жүзеге асырып жатыр. Қазірдің өзінде нақты нәтиже бар, – деді Қазақстан Президенті.

Владимир Путин «Болашақтың ойындары» турнирінің ашылу рәсіміне қатысқаны үшін Қасым-Жомарт Тоқаевқа алғыс айтып, Ресей тарапының Қазақстанмен стратегиялық серіктестікті одан әрі күшейтуге бейілді екенін растады.

– Спорт қандай да бір саясаттан тыс болуы керек, сондай-ақ халықтарды жақындастыруға тиіс. Мен мұны бірнеше рет айттым, тағы да қайталағым келеді. Бүгінгі турнирге жүзден астам елден, нақтырақ айтқанда, әртүрлі континенттің 104 елінен көптеген қатысушы келді. Диджитал-спортқа және нағыз дәстүрлі спортқа қызығушылық танытатын жастар қатысып отыр. Ал екіжақты қатынастарға келер болсақ, байланыстарымыз аса маңызды барлық сала бойынша нәтижелі дамып келеді. Былтыр біздің делегацияның Қазақстанға сапары сәтті болды. Біз алдағы даму бағыттарын айқындадық. Әріптестерім маған энергетика, инвестиция және өңірлердегі жұмыстардың қазіргі уақытта қалай жүріп жатқанын баяндайды. Мұның бәрінде жалпы екі ел, жекелеген аймақтар және тұтас салалар үшін өзара мүдде көзделеді, – деді Ресей Президенті.

Сонымен қатар екі ел басшылары өңірлік және жаһандық күн тәртібіндегі мәселелер жөнінде пікір алмасты.

МУЛЬТИСПОРТ ТУРНИРІНІҢ АШЫЛУ РӘСІМІНЕ ҚАТЫСТЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев Қазан қаласында өтіп жатқан «Болашақтың ойындары» халықаралық турнирінің ашылу рәсіміне қатысты.

Президент ресми мінберден «Болашақтың ойындары» турнирінің салтанатты ашылу рәсімін тамашалады. Ресейдің мемлекеттік әнұраны орындалғаннан кейін Владимир Путин жарысты ашық деп жариялады.

Қазақстан Президенті турнир қатысушыларына сәттілік тіледі.

– Құрметті Владимир Владимирович, ең алдымен, Сізге зор ризашылық білдіргім келеді. Бұл – бірегей ойын. Дүниежүзінде мұндай ойынның баламасы жоқ. Баршаңызға сәттілік тілеймін. Келесі ойынды Қазақстанда өткізейік, – деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Сонымен қатар Беларусь, Қырғызстан, Тәжікстан және Өзбекстан президенттері киберспортшыларға ізгі тілектерін жолдады. Содан соң жарысқа қатысушы мемлекеттер туларының шеруі өтті.

«Фиджитал-концепцияға» негізделген турнирдің форматы физикалық белсенділікті, заманауи технология мен цифрлық ортаны ұштастырады.

Шоу барысында спорт, стратегия, тактика, технология, жылдамдық секілді 5 топқа біріктірілген сайыс түрлері таныстырылды. Ойындардың бағдарламасына классикалық спорт түрлері мен олардың 21 цифрлық баламалары бойынша гибридті спорттық жарыстар енгізілген.

Ұйымдастырушылардың мәліметі бойынша турнирге 100-ден астам елден 2 мыңға жуық киберспортшы келген. Қазақстанның ойыншылары мен командалары спорттың 13 түрі бойынша сайысқа түседі. Жалпы бұл турнирге еліміздің 48 өкілі қатысады.

Салтанатты ашылу рәсімінен кейін Татарстан астанасына келген Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен басқа елдердің президенттері «Болашақтың ойындары» халықаралық мультиспорт турнирінің негізгі шаралары өтетін «Қазан Экспо» кешенін аралап көрді.

Экскурсия барысында қонақтарға Dota 2 конгресс-залы, арт-нысандар, «фиджитал-зертхана» көрсетілді, сондай-ақ дене шынықтыру мен киберспортты (physical+digital) біріктіретін инновациялық «фиджитал-қозғалыстың» ерекшеліктері таныстырылды.

Алаңдардың бірінде Қазақстан Президенті «Футбол достыққа жол ашады» бағдарламасына қатысатын жас спортшылармен әңгімелесті. Халықаралық команданың құрамында «Астана» футбол клубында жаттығатын 10 жастағы Жан Әли Ермағамбетов те бар.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстанда балалар спортына мемлекет тарапынан тұрақты қолдау көрсетілетінін атап өтті.

ӘЙЕЛДЕР ҚҰҚЫҒЫ МЕН БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БІРІНШІ ОРЫНДА

3 БЕТ

КЕШ ҚАЛДЫМ ДЕП КҮЙЗЕЛМЕ СЕН, ҚҰРБЫЖАН...



6 БЕТ

«КӨҢІЛСІЗ» РЕЙТИНГТЕ КӨШ БАСТАП ТҰРМЫЗ

Еліміз дүниежүзінде есірткі тұтыну жөнінен «ондыққа» енді. Бұл туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының The World Drug Report есірткі туралы дүниежүзілік баяндамасында айтылған. Отандық сарапшылар мұны растап отыр. Өкінішке қарай, Қазақстан нашақорлықтан болатын өлім-жітім бойынша да әлемде алда. Қоғамды жайлаған бұл кесапатпен күрес қалай жүріп жатыр?

5 ▸▸

БЕКЗАТ БОЛМЫСЫ – ҚУЫРШАҚ БЕЙНЕСІНДЕ

Алматы мемлекеттік қуыршақ театрында қазақстандық боксшы, Сидней Олимпиадасының жеңімпазы Бекзат Саттархановтың батыл рухына арналған «Чемпион» қойылымының премьерасы өтті. Маусым сайын тұрақты көрермендерін тың әрі мазмұнды қойылымдарымен қуантатын театр ұжымы тұңғыш рет жасындай жарқ еткен Бекзат Саттарханов бейнесін қуыршақ бейнесінде сахналады.

8 ▸▸

ЭНЕРГЕТИКА САЛАСЫНДАҒЫ СТРАТЕГИЯЛЫҚ СЕРІКТЕС

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев «Татнефть» ЖАҚ бас директоры Наиль Магановты қабылдады.

Мемлекет басшысына Қазақстан Республикасында бірлескен жобаларды жүзеге асыру перспективасы туралы мәлімет берілді. Атап айтқанда, «Татнефть» Атырау облысында бутадиен және одан өнім өндіруге бағытталған мұнай-газ химиясы саласындағы стратегиялық инвестициялық жобаны жүзеге асырып жатыр. Аталған кәсіпорын «ҚазМұнайГаз» ұлттық компаниясымен Қазақстанның батыс өңіріндегі көмірсутегі қорларын барлау және өндіру жобалары аясында ынтымақтастық орнатқан. Бұдан бөлек, «Татнефть» қатты пайдалы қазбалар кенін бірлесе игеру ісіне атсалысып жатыр.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Татнефть» компаниясының Қазақстанда мұнай-газ және тау-кен өнеркәсібін дамыту жөніндегі бастамаларын жоғары бағалап, аталған кәсіпорын еліміздің энергетика саласындағы стратегиялық серіктестердің бірі екенін атап өтті.

БІРЛІКТІ НЫҒАЙТУ – ОРТАҚ МАҚСАТ

Сенат төрағасы Мәулен Әшімбаев Түркия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті Елшісі Мұстафа Капуджумен кездесті. Сұхбат барысында тараптар екі ел арасындағы ынтымақтастықты одан әрі нығайту және стратегиялық серіктестікті кеңейту мәселелерін талқылады.

Мәулен Әшімбаев Мұстафа Қапуджуны былтыр Түркия Республикасының құрылғанына 100 жыл толуымен құттықтады. Ол Қазақстанның Түркиямен ынтымақтастығы тереңнен тамыр тартатынын, екі елдің мәдени-тарихи құндылықтары ортақ екенін айтты. Сондай-ақ Палата Спикері Түркиямен қарым-қатынас еліміздің сыртқы саясатының маңызды бағыттарының бірі екенін, өзара жан-жақты стратегиялық серіктестікке мемлекет басшыларының достық пен құрметке негізделген байланысы үлкен серпін беретінін тілге тиек етті.

«Біз Түркияның Ұлы Ұлттық жиналысымен ынтымақтастықты дамытуға және заңнамалық бағытта тәжірибе алмасуға мүдделіміз. Екі елдің Парламенттерінде жұмыс істейтін «Қазақстан-Түркия» парламентаралық достық топтарының әлеуетін одан әрі дамытудың маңызы зор. Түркітілдес елдердің мәдени, экономикалық және гуманитарлық саладағы байланысын нығайтуға Түркі мемлекеттерінің Парламенттік Ассамблеясы да үлкен үлес қосып отыр. Сенат депутаттары ТүркПА комиссияларының жұмысына және оның шеңберінде өтетін басқа да іс-шараларға белсенді қатысып келеді», – деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесу кезінде Астанада өткен Түркі мемлекеттері ұйымының 10 саммитінде айтылған бауырлас халықтардың ынтымақтастығын арттыруды көздейтін басымдықтар туралы да сөз болды.

«Түркі мемлекеттері ұйымының 10 саммитінде Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев атап өткендей, біздің елдің ұйымға төрағалығы TURKTIME! ұранымен өтеді. Бұл тұжырымдамада бірінші кезектегі басымдықтар белгіленген. Өзара сенім мен тарихи тамырға табан тіреген бірлігімізді сақтау және нығайту – біздің ортақ мақсатымыз. Астана саммиті еліміз арасындағы саяси, экономикалық және мәдени ықпалдастықты жаңа деңгейге көтеруге септігін тигізді деп есептейміз», – деген Мәулен Әшімбаев Қазақстан Парламентінің Сенаты екі елдің қарым-қатынасын одан әрі нығайту жолындағы тиісті жұмысты жалғастыра беретінін атап өтті.

Сонымен қатар Сенат төрағасы Мемлекет басшысының бастамасымен Қазақстанда іске асырылып жатқан әлеуметтік-саяси және экономикалық реформалар барысына және Палатаның заң шығару қызметіне тоқталды.

Мұстафа Капуджу Қазақстанда жүргізіліп жатқан реформаларды жоғары бағалап, түркі халықтары арасындағы өзара іс-қимылды одан әрі арттырудың маңызды екеніне назар аударды.

ДУБАЙДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ САУДА ҮЙІ АШЫЛАДЫ

Біріккен Араб Әмірліктерінің орталығы Дубайда Қазақстанның сауда үйі ашылады. Бұл туралы Сауда және интеграция министрі Арман Шаққалиев ведомствоның алқа мәжілісінде мәлім етті.

«Келесі аптада Дубайда QazExpoCongress ұлттық компаниясының «Қазақстан» сауда үйін ашамыз. Павильонды отандық тауарды ілгерілетуге барынша белсенді пайдаланамыз. Ол тек қана қазақстандық тауарлардың көрсетілім алаңы ғана болмайды. Алғаш рет инжиниринг қызметінің, медицина мен IT саланың өнімдерін ілгерілетпекшіміз», – деді министр.

ДЕМОГРАФИЯЛЫҚ ДАМУ – БӘСЕКЕГЕ ҚАБІЛЕТТІЛІК ФАКТОРЫ

Парламент Сенатында Мемлекет басшысының «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Жолдауын іске асыру аясында «Демографиялық өсу – ұлттың стратегиялық артықшылығының негізі» тақырыбына арналған Үкімет сағаты өтті.

Іс-шараны ашқан палата төрағасы Мәулен Әшімбаев Мемлекет басшысының Жолдауда айтқан сөзіне назар аударып, демографиялық даму елдің бәсекеге қабілеттілігін арттыратын тетік ретінде үлкен рөл атқаратынын және осы әлеуетті тиімді пайдалану маңызды міндет екенін атап өтті. Осыған орай, Қазақстанда көші-қон саясаты және ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамалары қабылданды, сондай-ақ 2029 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары әзірленді.

Мәулен Әшімбаев Қазақстандағы қарқынды демографиялық өсу жаңа мүмкіндіктерге жол ашып отырғанына және осы үрдістен туындайтын түйткілдердің де бар екеніне тоқталды. Бұл өзгерістер еліміздегі зейнетақы жүйесіне, әлеуметтік қамсыздандыру саласына әсер ететіні анық. Одан бөлек, іс-шарада қазақстандықтардың салыстырмалы түрде алғанда жас ұлт саналатыны, азаматтардың өмір сүру ұзақтығының артуы және урбанизация мәселелері осы бағыттағы басымдықтар екені айтылды.

Сенат төрағасы атап өткендей, урбанизация қалаларда жұмыспен қамтудың және баспананың қолжетімділігін қамтамасыз етудің өзектілігін арттыра түседі. Ұлттық статистиканың мәліметтері бойынша, қазірдің өзінде елімізде қала халқының үлесі 62 пайызға жеткен.

«Біріккен Ұлттар Ұйымы орта мерзімді уақытта Орталық Азия өңірінде қала халқының өсуі жалғаса береді деп болжап отыр. Әрине, бұл – оң үрдіс. Сонымен бірге ауылдық аумақтарды дамыту, жұмыс орындарын ашу, әлеуметтік инфрақұрылымды жетілдіру істерін де ұмытпауымыз керек. Осыған байланысты ұлттық жобаға, ауылдық аумақтарды дамыту тұжырымдамасына және өңірлік дамудың басқа да жоспарларына енгізілген іс-шаралардың сапалы түрде жүзеге асырылуын қамтамасыз ету қажет», – деген Мәулен Әшімбаев демографиялық жағдайды ескере отырып, әлеуметтік, транспорттық және инженерлік инфрақұрылымды тиісті деңгейде дамыту бағытындағы міндеттерге тоқталды.

Сонымен қатар Сенат Спикері өңірлердегі әлеуметтік-демографиялық және экономикалық теңгерімсіздік мәселелеріне, жұмыспен қамтуды қамтамасыз етуге, білім деңгейін, жастардың еңбек өнімділігі мен табысын арттыруға және жас отбасыларды қолдауға ерекше назар аударды. Мәулен Әшімбаев елдің орнықты экономикалық дамуы халықтың санымен, азаматтардың тұрмыс деңгейімен және еңбек ресурстарының қолжетімділігімен тікелей байланысты екенін айтты.

«Еліміздің демографиялық дамуына байланысты мәселелер бойынша тиімді ведомствоаралық іскимылды арттыру қажет. Жалпы, елдің теңгерімді демографиялық дамуы бәсекеге қабілеттілік факторларының бірі екені анық. Әділетті Қазақстан құру, ең алдымен халықтың өмір сүру сапасын жақсартуға арналған. Бұл – ең алдымен, адамның мүдделері мен қажеттіліктеріне басымдық беру, халықтың әл-ауқатын жақсарту деген сөз. Еліміздің демографиялық саясатының басты мақсаты да осы», – деді Мәулен Әшімбаев.

Сондай-ақ Үкімет сағатында Премьер-Министрдің орынбасары Тамара Дүйсенова, Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссияның төрайымы, Мәдениет және ақпарат министрі Аида Балаева, ЮНФПА-ның Қазақстандағы өкілі – ЮНФПА-ның Қырғызстан мен Түркіменстандағы ел директоры Олоф Ронни Линдстроем, БҰҰ Балалар қорының (ЮНИСЕФ) Қазақстандағы өкілінің міндетін атқарушы Летисия Баззия-Вейл және сараптамалық қоғамдастық пен әкімдіктердің өкілдері сөз сөйлеп, көтерілген мәселе бойынша өз пікірлері мен ұсыныстарын айтты.

ВАГОН АЛУҒА ЖҰМСАЛАДЫ

Көлік министрі Марат Қарабаев БЖЗҚ қаражаты есебінен сатып алынатын вагондар Қазақстанда өндірілетінін айтты.

«Зейнетақы қорынан вагондарды сатып алуға қаржы бөлінеді деген мәселе қоғамда қызу талқыланып жатыр. Шынында да зейнетақы қорынан «Бәйтерек» холдингі қаржы алды. Соның ішінде вагондарға 184 млрд теңге жұмсалып отыр. Оған жолаушыларды тасымалдайтын 100 вагон, сондай-ақ жүк тасымалдайтын үш мың вагон алынып жатыр. Зейнетақы қорында қаражаты жұмсалған азаматтарға бұл міндетті түрде пайда әкеледі. Бұл ретте, бірінші мәселе халықтың сол жақтағы ақшасы елге, жұртқа пайда әкеледі. Өйткені бұл нарықтық пайызбен алынған ақша, яғни «Бәйтерекке» жеңілдетілген ақша берілген емес. Екіншіден, басқарушы холдинг мемлекеттің меншігінде. Сондықтан ол ақшаны қайта қорға айналып келіп түсуіне мемлекет толық кепілдік береді. Үшіншіден, вагондар отандық зауыттардан сатып алынады», – деді М.Қарабаев Парламент Мәжілісінде тілшілер сұрағына жауап бере отырып.

Осы орайда, министр вагондар ел игілігіне пайдаланылатынын айтты. Жолаушыларды тасымалдайтын вагондарды Петропавлдағы ЗИКСТО компаниясы жасайды. Сондай-ақ жүк вагондарын Екібастұздағы компаниядан алу жоспарланған.

3 МЛН БАЛА ҚОСЫМША БІЛІММЕН ҚАМТЫЛАДЫ

Бүгінде елімізде оқушылардың 81,1%-ы қосымша біліммен қамтылған. Биыл шығармашылық үйірмелер және спорт секцияларымен елімізде 3 миллионнан астам оқушы қамтылады деп жоспарланған. Бұл туралы Оқу-ағарту министрлігінің баспасөз қызметі хабарлады.

Қосымша білім алу кезінде барлық балаға тең мүмкіндік беруге тырысамыз. Биыл қамтуды 86,3%-ға дейін арттыру жоспарланып отыр», – деп атап өтті Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры Меруерт Медетбекова.

Айта кетейік, балаларды қосымша біліммен неғұрлым көбірек қамту үшін Мемлекет басшысының тапсырмасы бойынша биыл Астана, Алматы, Шымкент қалаларында, сондай-ақ Маңғыстау, Қостанай және Павлодар облыстарында 6 Оқушылар сарайын ашу жоспарда бар.

ӘЙЕЛДЕР ҚҰҚЫҒЫ МЕН БАЛАЛАР ҚАУІПСІЗДІГІ – БІРІНШІ ОРЫНДА

Мәжіліс Спикері Ерлан Қошановтың төрағалығымен жалпы отырыс өтті. Онда депутаттар әйелдер құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету туралы және ақпаратқа қол жеткізу мен қоғамның қатысуы мәселелері бойынша заң жобаларын бірінші оқылымда мақұлдады. Сонымен қатар Қырғызстан және Түркиямен байланысты екі келісімді ратификациялады.

Әйелдер құқықтары мен балалар қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері бойынша заң жобаларын депутат Жұлдыз Сүлейменова таныстырды. Құжат Мемлекет басшысының Жолдауындағы тапсырмаларын іске асыру үшін депутаттардың бастамасымен әзірленді. Жұлдыз Сүлейменова заңнамалық түзетулер 5 бағытты қамтитынын айтты. Біріншісі – зорлық-зомбылыққа, басқа да қатыгездікке немесе адамның ар-намысын қорлауға жол бермеуді көздейтін нормалар.

«Денсаулыққа қасақана жеңіл зиян келтіруге – 200 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салу не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына не 200 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тарту, не 50 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алу жазасы қарастырылады. Дене жарақатын келтірген, бірақ денсаулығына жеңіл зиян келтіруге әкеп соқпаған ұрып-соғу немесе өзге де күш қолдану әрекеттерін жасау – 80 АЕК-ке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға, не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не 80 сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не 25 тәулікке дейінгі мерзімге қамауға алуға жазаланады», – деді Жұлдыз Сүлейменова.

Екіншіден, суицидтің алдын алу мақсатында Қылмыстық кодекске жаңа 2 құрам бойынша норма енгізіледі. Суицидке итермелегені үшін 5 жылдан 9 жылға дейінгі мерзімге бас бостандығынан айыру жазасын белгілеу, суицидті насихаттағаны үшін 200 АЕК мөлшерінде айыппұл салу ұсынылады.

«Сондай-ақ балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету және оларды қорғау үшін тұрмыстық жағдайы ауыр отбасыларды ерте анықтау бойынша мобильді топтардың жұмысын ұйымдастыруға байланысты шаралар кешені қарастырылған. Интернаттардағы балалардың құқықтарын қорғау үшін әлеуметтік маңызы бар нысандарда мемлекеттік бақылау алдын ала хабардар етпей жүргізілетін болады. Сондай-ақ арнайы әлеуметтік қызметтер көрсететін ұйымдарға, балаларға білім беру және сауықтыру қызметтерін міндетті лицензиялау ұсынылады», – деді Ж.Сүлейменова.

Бұдан бөлек, дәстүрлі отбасылық құндылықтарды қорғауға, сақтауға, нығайтуға, өзара құрметке негізделген неке-отбасы заңнамасының қағидаттарын бекіту көзделген.

Талқылау барысында депутат Сергей Пономарев заң жобаларында кәмелетке толмағандар істері және балаларды отбасынан алып кету туралы нормалар қамтылғанына қоғамның алаңдаулы екенін айтты. Ол баяндамашыдан және жауапты мемлекеттік органдардан осы ақпаратты нақтылауды сұрады. Жұлдыз Сүлейменова мұндай нормалар жоқ екенін және болуы мүмкін емесін жеткізді. Өйткені заң жобалары балалардың отбасында өсіп-жетілуін қамтамасыз етуге, жалпы балалар үйі институтын жоюға бағытталған. Оқу-ағарту министрлігінің өкілі де әлеуметтік желіде тараған бұл мәліметті жоққа шығарды. Балаларды тәрбиелеу, оқыту және олардың қауіпсіздігі мәселелерінде мемлекет басқа адамдар мен мекемелерге қарағанда әрқашан ата-анаға басымдық береді.

Жалпы отырыста «ҚР кейбір заңнамалық актілеріне ақпаратқа қол жеткізу және қоғамдық қатысу мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» заң жобасы да бірінші оқылымда мақұлданды. Құжат ақпарат иелерін – мемлекеттік органдар мен квазимемлекеттік сектор субъектілерін мүгедектігі бар адамдардың ақпаратқа тең қолжетімділігін қамтамасыз етуге міндеттейді. Мәдениет және ақпарат вице-министрі Данияр Қадыров заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкестендіріп, арнайы «құпия» грифтерді есепке алмағанда мемлекеттік органдардағы барлық ақпаратты ашық деп айқындау ұсынылатынын айтты.

«Заң жобасына сәйкес, мемлекеттік органдар таратылуы шектеулі ақпаратты тек белгілі бір мерзімге және құжаттың бір бөлігіне ғана қолдана алады. Мемлекеттік органдар бірыңғай тізбеден тыс ақпаратты азаматтардан сұрату түсуін күтпей, проактивті белсенді түрде жария етіп отыруы ұсынылады. Мемлекеттік сектор ұйымдарының жауапкершілігін арттыру үшін Мәдениет және ақпарат министрлігіне тиісті құзырет беру арқылы ақпаратқа қол жеткізу саласында мемлекеттік бақылау енгізіледі», – деді вице-министр.

Бақылауды әр тоқсанда бір рет бақылау субъектісіне бармай профилактикалық түрде жүргізу жоспарланған. Құқықбұзушылықтар болған жағдайда оларды жою туралы ұсыным жіберіледі. Ұсыным орындалмаған немесе арыз-шағым түскен жағдайда жоспардан тыс тексеру тағайындалады.

Сонымен қатар Мәжіліс екі заң жобасын ратификациялады. Олар жөнінде Көлік министрі Марат Қарабаев баяндама жасады. Оның біріншісі – 2022 жылғы 26 мамырда Бішкек қаласында жасалған Қазақстан мен Қырғызстан арасындағы авиациялық іздестіру және құтқару саласындағы ынтымақтастық туралы келісім. Министр келісімнің мақсаты Халықаралық азаматтық авиация ұйымының (ИКАО) стандарты бойынша апатқа ұшыраған әуекемелерінің жолаушылары мен экипаждарын іздестіру екенін айтты.

Екінші құжат – Қазақстан-Түркия үкіметтері арасындағы транзиттік-көліктік әлеуетті және сауда-экономикалық қатынастарды дамытуға бағытталған халықаралық құрамдастырылған жүк тасымалы туралы келісім. Құжатқа 2022 жылы 10 мамырда Анкарада қол қойылған. Жоба Қазақстан мен Түркия арасындағы сауда-экономикалық ынтымақтастықты дамытуды көздейді және екі ел арасында авто, теміржол және су көлігімен орындалатын жүктерді тасымалдау көлемін ұлғайтуға мүмкіндік береді.

Мәжілістің Заңнама және сот-құқықтық реформа комитеті екі заң жобасын жұмысқа қабылдады. Олар: ҚР кейбір заңнамалық актілеріне оларды Конституция нормаларына сәйкес келтіру мәселелері бойынша заң жобасы; «Құқық қорғау қызметі туралы» заңға өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы заң жобасы.

Жалпы отырыс соңында мәжілісмендер әлеуметтік-экономикалық мәселелер бойынша жауапты мемлекеттік органдарға 15 депутаттық сауал жолдады. Мәселен, депутат Бақытжан Базарбек жер және құрылыс саласындағы орындалмай жатқан сот шешімдеріне байланысты мәселелерді көтерді. Оның айтуынша, Алматыда «Швейцария», «Граф», «Люксембург», «Французский дом» сияқты тұрғын үй кешендері бойынша соттың заңды күшіне енген шешімі бола тұра, оны орындауға мемлекеттің қауқары жетпей тұр. Сол сияқты Бостандық ауданындағы ескі Қазақстан өкілдеріне тиесілі Халық банк иелігінде болған, өзеннің су қорғау аумағына кіретін көлемі 52 гектар жер учаскесі соттың заңды күшіне енген шешімі бойынша мемлекеттік меншікке қайтарылған болатын. Бірақ іс жүзінде құрылыс жұмыстарын ешкім тоқтата алмай отыр.

«Бұрынғы иелері су қорғау аймағын өзен арнасымен бірге топырақпен тегістеп, көпқабатты тұрғын үйді көтеруге жанжақты жұмыс жүргізіліп жатыр. Оны мен Алматы қаласы жер инспекторларымен бірге өз көзіммен көрдім. Одан бөлек, атақты «Рахат» базарының 200-ге жуық саудагерінің жер дауын алыңыз. 2022 жылы Алматы қалалық соты кезіндегі Бауыржан Байбектің заңсыз қаулысын 3 жылдан кейін бұзып жеңіске жетсе де саудагерлер базар жерін әлі де даулап ала алмай жүр.

Ал елордамыз Астанада «Дублин», «Сенсата билд» және «Вашингтон» тұрғын үй кешендері құрылыс жүргізуді рұқсат құжаттарынсыз ғана емес, тіпті жерге тиісті құқықты алмай заңсыз құрылысын бастап кеткен. 2022-2024 жылдар аралығында шығарылған соттардың шешімдеріне сәйкес елордадағы құрылысты тоқтату және көтерілген тұрғын-үйлерді сүру міндеттелсе де, соттың шешімін орындайтын компания жоқ. Соттың шешімін орындамау бұл – Ескі Қазақстанның шынайы көрінісі, қоғамдағы әділдік пен құқықтық ақиқатқа балта шабу деп есептеймін. Осы ретте, Президентіміз айтқандай, заң диктатурасын орнату және сот шешімдерінің мүлтіксіз орындалуымен ғана біз – Әділетті Қазақстанды орнатамыз», – деді депутат Бақытжан Базарбек Премьер-Министр мен Бас прокурорға жолдаған сауалында.

Келесі депутат Дәулет Тұрлыханов 20 жылдан бері алданған үлескерлердің мәселесі толық шешімін таппай келе жатқанына назар аудартты. Оған көптеген сайлаушының арыз-өтініші себеп болған. Мыңдаған қазақстандық жауапсыз құрылыс салушыларға сенім артып, тұрғын үйсіз қалып отыр. Оның ішінде зейнеткер де, тұрмысы нашар және көпбалалы отбасылар, жалғызбасты ана мен мүгедек жандар да бар. Бүгінде қолындағы бар қаражатын үйге салып, өздері пәтер жалдап жүрген халық көп. Қолдағы мәліметке сүйенсек, соңғы екі жылда үлестік құрылыс саласындағы қылмыстық істер бойынша 16 адам сотталып, 300-ден астам компания әкімшілік жауапкершілікке тартылған.

«Жуырдағы Үкіметтің кеңейтілген отырысында Мемлекет басшысы үлескерлік құрылыс проблемасына тағы тоқталып өткен болатын. Дегенмен нақты жұмыс әзірге байқалмайды. Мысалы, әлі күнге дейін құрылыс компаниялары азаматтарды үйді төмен бағамен береміз деп оларды алдап жүр. Нәтижесінде, ақша да жоқ, уәде етілген «шаршы метр» де жоқ. Айталық, Астана қаласының аумағында 243 көппәтерлі тұрғын үй кешенінің құрылысы тоқтап, оған 40 мыңнан астам үлескер тартылған екен. Осы объектілердің әрқайсысының құрылысын аяқтау мемлекеттің тікелей қатысуын талап етеді. Құрылыс компаниялардың саны азайғанымен, негізгі проблема өзгеріссіз тұр. Қабылдау комиссиясының жұмысына қатысты да заңбұзушылықтар бар. Бұл тұрғын үй кешендерін пайдалануға қабылдайтын кезде байқалады. Жылдап күтіп, әрең қолы жеткен баспананы алғаннан кейін азаматтарымыз шешілмеген проблемалармен соттың табалдырығын тоздыруда», – деді «AMANAT» фракциясының мүшесі Премьер-Министрдің бірінші орынбасары Роман Склярға жолдаған депутаттық сауалында.

Кәсіпкерлікті қолдау, оларды негізсіз қылмыстық қудалаудан қорғау мәселесі әртүрлі деңгейде айтылып, жиі көтеріліп жүрген тақырып. Алайда сөз көп, ал нақты іс, нәтиже, жоқ десе де болады. Бұл туралы Бас прокурор Берік Асыловқа депутаттық сауал жолдаған Абзал Құспан айтты.

«Қазір отандық бизнес өкілдерінің басты қорқынышының бірі – ол қылмыстық қудалау. Өйткені құқық қорғау органдары бизнес субъектіге қылмыстық істі тіркеткен сәттен бастап, оның есепшоттарын бұғаттап, қызметтің немесе жұмыстың орындалуын тоқтатып, басқа тараппен шарт жасасуына, оның орындалуына тыйым салып, бір сөзбен айтқанда, бизнестің барлық ішкі шаруасына еркін араласып кете алады. Осыған орай, Президент Қасым-Жомарт Тоқаев 2022 жылы азаматтық тәртіп негізінде шағымданудың барлық мүмкіндігі пайдаланбайынша қылмыстық іс қозғауға тыйым салынсын деп тапсырма берген болатын. Алайда құқық қорғау органдары Президенттің ол тапсырмасын да айналып өтудің жолын тапты. Енді олар мемлекеттік емес, жеке аудитор, жеке сарапшы, тіпті болмаса арнаулы білімі бар азаматтарды маман ретінде тарту арқылы олардан түрлі тексеру актісі, аудиторлық есеп, маман қорытындысы т.б. атаулармен қорытынды құжат алып, сол арқылы қылмыстық қудалауды бастап кететінді шығарды. Ал сот органдары бүгінде мемлекеттік емес ұйымдардың тексеру актілеріне бизнес өкілдерінен шағымды бірі қабылдаса, енді бірі қабылдаудан бас тартуда. Жалпы, сот практикасының ала-құлалығы туралы бірінші рет мәселе көтеріп отырған жоқпын, сонда бұл мәселеге де Президент араласуы керек пе?», – деді ол.

Осыған байланысты Абзал Құспан Бас прокуратурадан Конституцияның 83-бабының талаптарына сәйкес, мемлекет атынан Қазақстан аумағында заңдылықтың сақталуына жоғары қадағалауды жүзеге асыратын орган ретінде келесідей нақты іс-шараларды атқаруды сұрап отыр. Олар – құрылыс нысандары бойынша құрылыс жұмыстары аяқталғанға дейін қылмыстық істі СТБТ-де (ЕРДР) тіркеп, құрылысты тоқтатып қойып, тергеу жұмыстарын жүргізу практикасына тоқтау салу, тіпті биржолата тыйым салу. Ол үшін республика бойынша қалыптасқан әртүрлі сот практикасына шолу жасап, біріздендіру бағытында прокурорлық ықпал ету шараларын қолдану қажет.

Нұрлан ОРАЗҒАЛИЕВ

150 АУЫЛДЫ СУ БАСУЫ МҮМКІН

Қарағанды облысында алдағы су тасқыны кезеңіне дайындық жалғасуда. «AMANAT»-тың өңірлік партиялық бақылау комиссиясының мүшелері Теміртау қаласындағы Самарқанд су қоймасына барды.

Атап айтқанда, партиялықтар су тасқынының алдын алу және көктемгі қауіп-қатерге дайындық шараларымен танысты. Бүгінде өңірдегі 150-ге жуық елді мекенге қауіп төніп тұр.

«Төтенше жағдайлар департаментінің барлық бөлімшесі сақадай сай тұр. Биыл қар қалың. Тиісінше, қызыл су көлемі де көп болуы мүмкін. Біз кез келген қауіп-қатерге дайынбыз. Барлық ресурсымыз жедел әрекет ету режиміне келтірілді», – деді облыстық Төтенше жағдайлар департаменті басшысының орынбасары Ақылбек Ахметжанов.

Мамандар партиялық бақылау комиссия мүшелерін төтенше жағдай болғанда қабылданатын шаралар жоспарымен таныстырды. Бүгінде Самарқанд, Ынтымақ, Шоқай және Жартас сияқты ірі су инженерлік құрылымдарында мониторинг жүргізілді. Наурыздан бастап су қоймалары тікұшақпен бақыланып, ғарыштық мониторинг жүргізіледі.

«Жағдайды көзбен көріп, зерттеп, зерделеген соң су тасқынына қатысты ықтимал қауіп-қатерді талқылап жатырмыз. Біздің аймақ «қауіпті тізімде» тұр. Өзен-көлдердің, су қоймалардың жағдайын жіті бақылап отыру қажет. Өңір көктемгі су тасқынына дайын екеніне сенімді болуымыз керек», – деді Қарағанды облыстық партиялық бақылау комиссиясының төрағасы Александр Куприенко.

Айта кетейік, қала және ауыл тұрғындарын су тасқынынан қорғау – «AMANAT» партиясының сайлауалды бағдарламасында қамтылған негізгі міндеттердің бірі. Атап айтқанда, 2027 жылға дейін 14 жаңа су қоймасын салу және жұмыс істеп тұрған 16 су қоймасын қайта жаңарту жоспарлануда.

Ерлан САИРОВ,
«AMANAT» партиясы жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңес төрағасы:

МІНДЕТ АЙҚЫН, МЕЖЕ БІР

«AMANAT» партиясы Төрағасы Е.Қошановтың тапсырмаларын жүзеге асыру аясында былтырдан бері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі кеңестердің жұмысын жандандыру бойынша біршама шаруа атқарылды.

Кеңес отырысында өңірлердегі сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі әрекеттердің жай-күйі және партияның «Халықпен бірге!» сайлауалды бағдарламасын іске асыру барысында сыбайлас жемқорлық көріністерінің алдын алу, қоғамда резонанс тудырған проблемалық мәселелерді шешу жолдары жөніндегі сұрақтар да жан-жақты талқыланып, маңызды мәселелер тиісті құзырлы орындарға жеткізілді.

Айтар болсақ, жалпы 2021 жылдан бастап республикалық деңгейде барлығы 19 отырыс өткізілген. Осы уақыт аралығында кеңеске түрлі жағдайға байланысты барлығы 188 ұсыныс берілген.

Сонымен бірге осы 2021 жылдан бастап біршама проблемалық мәселе шешімін тауып, елдің талап-тілектері орындалғанын айтқан жөн болар. Мәселен, 2021 жылы Түркістан облысы Сайрам ауданы тұрғындарының өтініші бойынша аудандағы халық саны мен көрсетілетін қызметтердің ұлғаюын және халыққа қызмет көрсету орталығы қызметкерлерінің жүктемесін ескере отырып, аудан тұрғындарына қолайлы жағдай жасау, сондай-ақ мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсарту мақсатында аталған ауданда халыққа қызмет көрсету орталығын ашу мәселесі кеңесте қарастырылды. Нәтижесінде, мемлекеттік корпорация тарапынан 65 штат санын 100-ге көбейту бойынша жұмыс жоспары жасалып, халыққа қызмет көрсету орталығы ашылды.

Ал Шығыс Қазақстан облысының Күршім ауданына қарасты Боран ауылы маңында ағатын Қалжыр өзенінің ластануы туралы мәселе ел арасында көтеріліп, Экология, геология және табиғи ресурстар министрлігіне тиісті шара қабылдау жөнінде хат жолданды. Министрлік тарапынан рейд жүргізіліп, Қалжыр өзені мен Шаңдыбұлақ бұлағының ластанғаны расталып, осы бойынша «С.А. Хван» ЖК әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Су объектісінің одан әрі ластануына жол бермеу үшін жерді рекультивациялау жұмыстары тоқтатылды.

Батыс Қазақстан облысының Орал қаласына қарасты Круглозерное ауылында мемлекеттік-жекеменшік әріптестік жүйесі бойынша салынған, талаптарға сай келетін жабдықтары бар жаңа балабақша бар болатын. Ғимарат мемлекет меншігіне өткеннен кейін әкімдік жергілікті кәсіпкер салған қаржыны қайтаруы керек еді. Алайда жергілікті әкімдік бұл мәселені шешуге асықпаған. Кеңестің ықпалымен жергілікті бюджеттен қаражат бөлініп, балабақша мемлекет меншігіне толық өтіп, бүгінде онда 103 бала тәрбиеленуде.

Тағы да сол Батыс Қазақстан облысы Орал қаласының саяжай тұрғындары Шаған өзенінің жанындағы құрылысқа қарсы шықты. Ол құрылыс инвестициялық жоба болған екен. Алайда осы мәселені партия алаңында қарау барысында құрылыс компаниясы Каспий су қорғау инспекциясынан тиісті рұқсат алмағаны анықталды. Облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңес облыс прокуратурасымен бірлесіп атқарған жұмыстарының нәтижесінде Казталов ауданы Қособа елді мекенінде су каналын жауып қойған шаруа қожалығының жері иеліктен шығарылып, ауылдық резервке 100 гектар жайылым қайтарылды. Тағы бір маңыздысы, Павлодар қаласында аз қамтылған отбасыларға арналған көпқабатты үй құрылысы болып отыр. Құрылысы басталып, орта жолда тоқтап қалған ғимараттың мәселелерін анықтай келе бөлінген қаражаттың жетпеуі себеп болғаны белгілі болды. Жұмыстарды қайта қарап, құжаттары реттестіріліп, жобалық тізімге түзетулер енгізілді. Қазір 9 қабатты тұрғын үйдің құрылысы аяқталып, пайдалануға берілді. Сонымен қатар кеңес халықты сапалы сумен қамтамасыз ету мәселесіне де аса үлкен мән беріп келеді. Ауызсумен қамту мәселелерін қарастырып, облыстар мен қала әкімдеріне тиісті ұсынымдар беріліп, бірқатар мәселе өз шешімін тапты. Атап айтар болсам, Шымкентте ауызсу кесте арқылы сағаттап беріліп келген 9 елді мекен бар болатын. Қазір елді мекендерге сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді. Ал қала маңындағы жаңадан салынған елді мекендер мен 7 тұрғын алап та сапалы ауызсумен қамтамасыз етілді. Ауызсу мәселесі Түркістан облысында да өзекті екені белгілі. Кеңес құрамы мен жұмыс істеу барысында Түркістан облысына қарасты 20 елді мекен жаңа ауызсу жүйесімен қамтамасыз етілді.

Одан бөлек, осы 2021 жылы ауылдардағы жайылым және шабындық жерлердің жетіспеушілігі бойынша проблемалық сұрақтар жиі көтеріліп, Ауыл шаруашылығы министрлігі мен әкімдіктерге ұсынымдар берілді. Кеңес отырысынан кейін ауыл шаруашылығы мақсатындағы пайдаланылмай жатқан жерлерді анықтау жұмысы бақылауға алынды. Кеңес қаулысын орындауда АШМ-мен бірлесіп Жол картасы әзірленді. Бұл шаралар пайдаланылмай жатқан ауыл шаруашылығы жерлерін мемлекетке қайтару жұмысына көмек болды. Осы мәселелер 2021 жылғы қорытындылардың бір парасы десек, 2022 жылы да кеңес біршама шаруаның шешімін тауып халық игілігін көріп отыр. Сол 2022 жылдың басында Жамбыл облысының Т.Рысқұлов ауданы Құлан ауылындағы «Арай» учаскесінде әлеуметтік тұрғын үй алуға кезекте тұрған азаматтарға арналған тұрғын үйлердің құрылысы аяқталғанымен, бір жылдан астам уақыт бойы ол үйлерге адамдар қоныстандырылмаған. Кеңес қаулысын орындауда 80 пәтерлі тұрғын үйге наурыз айынан бастап арнайы комиссия шешімімен кезекте тұрған тұрғындарға берілді. Сонымен бірге кеңестің жұмыс тобы Жамбыл облысында сайлауалды бағдарламасын орындауда жемқорлыққа жол берілмеуін қадағалау барысында проблемалық құрылыс объектілері анықталды. Партия тарапынан қабылданған шаралармен Т.Рысқұлов ауданы Қарақат ауылының №2 орта мектебінде күрделі жөндеу жұмыстары аяқталып, оқу процесі басталды. Қазір оқушылар кедергісіз білім алуда. Ал Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданының «Құлыкөл-Қаратал» ауыларалық жолын жөндеуге бөлінген қаражат ұтымсыз пайдаланылып, ауыл тұрғындарынан шағым түскен. Кеңес облыс әкімдігіне проблемалық мәселені шешу жөнінде ұсыным берді. Нәтижесінде, аудандық маңыздағы автожолдың шайылған учаскелері жөнделді. Одан бөлек, партияның сайлауалды бағдарламасын іске асыру бойынша Жол картасының сапалы орындалуын зерделеу барысында анықталған кемшіліктер жойылды. Мысалы, Петропавлдағы қызмет көрсету саласындағы мамандарды даярлау колледжіне 244 орындық жатақхананың құрылысына байланысты ши шыққан. Мердігер TOIR ЖШС-мен жалпы сомасы 755 млн теңгеден астам сомаға мемлекеттік сатып алу туралы шарт жасалған. Келісімшарт жасалғаннан кейін 226 млн теңгеден астам аванстық сома әлі жұмысқа кіріспеген мердігерге аударылып жіберген. Ал тексеру кезінде соманың 111 млн теңгесі ғана игерілгені анықталды. Кеңестің жұмыс тобымен мердігердің міндеттемесі орындалмай, жұмыс аяқсыз қалып, нысан іске қосылмағаны анықталды. Орындалмаған міндеттемелердің жалпы сомасы 456 млн теңге екен. Нәтижесінде, TOIR ЖШС-мен Петропавл қаласындағы қызмет көрсету саласы колледжінің құрылысына жасалған келісімшарт біржақты тәртіппен бұзылды. Партия тарапынан бақылау жұмыстары жүргізіліп, 2023 жылы жатақхана құрылысы аяқталды. Нысан қазір толық пайдалануға берілген. Мұндай келеңсіздіктердің басын тізіп айта берсек, жетерлік. Жыл сайын атқарылған және қолға алынып, жұмыс жүргізіліп жатқан шаруалардың да саны күн сайын артып отыр. Ал 2023 жылдың өзінде біршама келеңсіздіктің оң шешімі табылды. Солардың бір парасын жіпке тізе кетер болсам, мысалы Азаматтық авиация комитетіне тасымалдаушының кінәсінен рейстердің кешігу жағдайларын болдырмау, сондай-ақ ұшулардың жүйелілігін жақсарту жөнінде берілген ұсынымдар тасталып, жұмыс тобы шаруаны саралау барысында ұшулардың жүйелілігін арттыру үшін авиакомпаниялармен бірлесіп ұшақтар паркін толықтыру жоспары қабылданды. Рейстердің жүйелілігін жақсарту мақсатында халықаралық әуекөлігі ұйымының (ИКАО) ұсынылатын тәжірибесін және халықаралық әуекөлігі қауымдастығының (ИАТА) стандарттарын ескере отырып, «тарихи слотты» бөлу бөлігінде ел әуежайларында әуекемелеріне қызмет көрсету үшін уақыт аралықтарын бөлу қағидаларына түзетулер жобасы әзірленді. Түзетулер жобасы Әділет министрлігіне келісуге жіберіліп отыр. Осыған сай, комитет рейсті кешіктіру, тоқтату кезінде авиакомпаниялардың жолаушылар алдындағы жауапкершілігін күшейту жөнінде шаралар қабылдауда. Тасымалдаушылардың жауапкершілігін күшейту бөлігінде қолданыстағы заңнамаға түзетулер енгізілді. Одан бөлек, салада түрлі деңгейде 15 әкімшілік құқықбұзушылық анықталған. Сөйтіп, авиакомпаниялар жалпы сомасы 40 млн теңгеге республикалық бюджетке айыппұл төледі. Ал Бәсекелестікті қорғау және дамыту агенттігі прокуратура органдарымен бірлесіп жүргізген тексеріс нәтижесінде Air Astana авиакомпаниясы Алматы қалалық Әкімшілік құқықбұзушылық жөніндегі мамандырылған ауданаралық сотының шешімімен жолаушылардан отын алымын негізсіз қолданғаны үшін үстем монополиялық жағдайды теріс пайдаланғаны үшін 876 млн теңгеден астам сомаға әкімшілік жауапкершілікке тартылды. Шымкент қаласының әуежай маңындағы салынған тұрғын үйлердің мәселесі республикалық деңгейде бірнеше рет көтерілгенін ел біледі. Анықталғандай, бұл аймақтағы 307 жер теліміне құрылыс жүргізілген. Аталған мәселені шешу үшін телімін мемлекет мұқтажына қайтарып алу жөнінде қаулы қабылданған болатын. Алайда бағалау жұмысы бұл мақсатқа 30 млрд теңге жұмсалып, мемлекет мұқтажына қайтарып алудың қала бюджетіне салмақ түсіретінін көрсетті. Нәтижесінде, Шымкент әуежайына санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ететін қашықтықтан жаңа ұшуқону жолағын салу жөнінде шешім қабылданды. Осыған орай жобалық-сметалық құжаттарды әзірлеу үшін Qazaq City Stroy ЖШС-мен меморандум түзілді. Жаңа ұшуқону жолағының ұзындығы 3 300 метр, ені 45 метр болады. Халықтың баспанасы бұзылмай, мемлекет қаржысы да үнемделіп, әуежайда заманауи ұшып-қону жолағы салынады. Сонымен бірге проблемалы 307 жер телімі иелерінде қалдырылды.

> *Облыстық сыбайлас жемқорлыққа қарсы кеңес облыс прокуратурасымен бірлесіп атқарған жұмыстарының нәтижесінде Казталов ауданы Қособа елді мекенінде су каналын жауып қойған шаруа қожалығының жері иеліктен шығарылып, ауылдық резервке 100 гектар жайылым қайтарылды. Тағы бір маңыздысы, Павлодар қаласында аз қамтылған отбасыларға арналған көпқабатты үй құрылысы болып отыр.*

Әуекөліктерімен әуежайларға қатысты өзге де өзекті мәселелердің беті ашылып, түзетулер жүргізілу үстінде. Мәні анықталған мәселе ел ішіндегі рейстер мен ел аумағынан тысқары шығатын рейстерге де қатысты болып отыр.

Осы 2023 жылы Атырау облысында партияның сайлауалды бағдарламасын сапалы орындау және жемқорлықтың алдын алу бойынша, құрылыс жұмыстары тоқтап тұрған нысандарға қатысты кеңес нақты ұсынымдар берді. Нәтижесінде, Исатай ауданы Қызыл үй ауылын газбен жабдықтау желісі салынып, 2023 жылы 29 қарашада жұмыс қабылданды. Жобаның жалпы құны – 716,2 млн теңге.

Сыбайлас жемқорлықты алдын алу, партияның сайлауалды бағдарламасын орындау жөніндегі жұмыстар тиісті деңгейде атқарылмағаны үшін кеңес ұсынымымен партиялық және тәртіптік жауапкершілікке тартылған біршама лауазымды тұлғаның аты-жөнін нақтылады. Бұл қатарда әр жыл бойынша сайын жеке-жеке тізім жиналды. Лауазымды тұлғалар қатарында облыстардың әкім орынбасарлары, аудан мен қала әкімдері, басқарма басшылары, білім саласының лауазымды тұлғалары да бар екенін айтқан абзал. Қазір анықталған лауазымды тұлғаларға қатысты тәртіптік шара қабылданды.

«AMANAT» партиясының жанындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл жөніндегі республикалық кеңестің қызметі ел халқының тұрмысы мен тіршілігін оңалтып, жер-жерлерде болып жатқан заңсыздықтарға тосқауыл болу жұмыстарын бұдан әрі де жалғастыра беретіні анық. Бұл – Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлының да, «AMANAT» партиясының да алға қойып отырған басты міндеті.

«СОТ КАБИНЕТІ» ЖҮЙЕСІНІҢ ТИІМДІЛІГІ ЖОҒАРЫ

«Сот кабинеті» электронды жобасы – еліміздің сот органдарының электронды сервистеріне қол жеткізуге арналған бірыңғай терезесі. Бұл жоба 2014 жылы ҚР Жоғарғы Сотының sud.kz ресми сайтында онлайн сервистерге және сот органдарының қызмет көрсетуіне негізделіп, іске қосылған.

«Сот кабинеті» сервисіне қол жеткізу үшін office.sud.kz. сілтемесі арқылы сот кабинетімен жұмыс жөніндегі анықтаманы бассаңыз, осы электронды сервисті қалай пайдалануға болатыны ретімен көрсетілген. Қазақстан Республикасы сот органдарына арыз, өтініш, шағымдар мен өтінішхаттар, сондай-ақ хаттар жіберу үшін бұл сервистің ықпалы зор.

Алдымен сервисті пайдалану үшін сотқа жүгінуші тұлға, заңды тұлға өкілі алдыңғы кезекте ХҚКО-дан (халыққа қызмет көрсету орталығы) өзіне электронды цифрлық қолтаңба алуы қажет. Осы рәсімнен өткеннен кейін арыз беруші электронды қызмет көрсетудің ішінен өзіне керек бөлігін оңай таңдай алады.

«Сот кабинеті» сервисі қағазсыз электронды құжат айналымы саналады. Осы арқылы сот құжаттарын және істерді іздеуге, мемлекеттік бажды онлайн төлеуге, істі қарау барысын қадағалауға болады.

«Сот кабинеті» сервисінің қағаз түрінен ерекшелігі талап қою үшін арыз беруші «Сот кабинеті» порталына арнайы деректерді қамтитын электронды талап нысанын толтыруы қажет. Атап айтқанда, талап берушінің ЖСН, тегі, аты, әкесінің аты, мекенжайы, электронды поштасы (бар болған жағдайда), сот орналасқан облысы және өзіне қажетті аудандық, қалалық сот атауын, «төлемейді» деген алаң (мемлекеттік баж төлеуден босатылған кезде толтырылады) көрсетілуі тиіс. Сонымен қатар Салық кодексінің 541-бабына сәйкес мемлекеттік баждан босатылған істердің/талапкерлердің санаты (мемлекеттік баж төлеуден босатылған кезде толтырылады); мемлекеттік баж сомасы; талаптың толық мәтіні; талапқа қоса берілетін құжаттардың тізбесі қажет.

Талап беруші электронды құжат нысанында талапты және құжаттардың басқа да көшірмелерін қоса тіркейді. Егер жеке немесе заңды тұлға болса талапкер туралы деректер нысаны және жеке немесе заңды тұлға балып табылатын жауапкер туралы деректер нысаны толтырылады.

Арыздың атрибуттарын енгізгеннен кейін қажет болған жағдайда талап беруші мемлекеттік баж салығын төлей алады. Төленгеннен кейін электронды талап қоюға арыз берушінің электронды сандық қолтаңбасымен қол қойылады және бірыңғай автоматтандырылған ақпараттық-талдау жүйесі орталығына жіберіледі.

«Сот кабинеті» электронды жүйесі арқылы жолданған талаптар бойынша істе тарап болып табылған тұлға сотқа келмей-ақ осы жүйеге кіру арқылы іс құжаттарымен, материалдарымен, соттың шығарған құжаттарымен, сот хаттамасын беру туралы арыз, хаттамаға ескертуарызды беруге және сот актілерімен танысып, көшірмелерін алу құқығына ие болады.

Электронды цифрлық қолтаңбаны қолдана отырып, электронды қадағалау іс жүргізуіне қолжетімділікті қамтамасыз етуге, сондай-ақ пайдаланушыға ыңғайлы кез келген орындағы интернет желісі арқылы мемлекеттік баж салығын онлайн режимде төлеуге берілген мүмкіндік. Сот кабинеті азаматтарға сот органдарының электронды сервистеріне бір терезеден қол жеткізуін қамтамасыз етеді.

Қазір «Сот кабинеті» ақпараттық сервисі онлайн сервистерге және сот органдарының қызметіне қол жеткізудің бірыңғай терезесі ретінде сот жүйесінің органдары мен халықтың өзара әрекеттестігі бойынша оң нәтижесін беруде.

Сотқа арыздарды беру механизмін жеңілдетуге, азаматтардың уақытын үнемдеуге, сот жүйесінің ашықтығы мен қолжетімділігіне, сонымен бірге сот іс жүргізуін электронды цифрлық қолтаңба арқылы электронды әрекеттесу бойынша жеңілдетуге бағытталған.

«Сот ісін жүргізу» қызмет көрсетуі азаматтық, қылмыстық және әкімшілік сот ісін жүргізу құқығы салалары бойынша бөліктерді қамтыған. Бұл тұрғыда ол тәжірибесі жоқ пайдаланушыға заңдық кеңес алмай-ақ сервисті пайдалану мүкіндігін ұсынады. Құқықтың әрбір саласында тиісті электронды қызмет көрсетулер бар.

Сонымен қатар «Менің істерім» деген бөлімде пайдаланушы жіберген электронды

арыздар туралы ақпаратты қарау және істі қарау барысының мүмкіндігі жеңілдетілген. Ал «Менің хаттарым» бөлігінде сотқа жолданған талап бойынша арадағы хат алмасуларды көру мүмкіндігі қарастырылған.

Пайдаланушыларға ыңғайлы болу үшін бірінші кезекте апелляциялық және кассациялық сатылардағы ақпаратты қарау және істі қарау барысы бір жерде іске асырылған. Пайдаланушы тиісті сілтемені баса отырып, барлық сатыдағы өз ісінің қозғалысының тұтас процесін қарай алады.

Бір сөзбен айтқанда, Қазақстанның сот жүйесіне заманауи электронды технологияларды енгізу халықтың сот төрелігіне қолжетімділік деңгейін елеулі түрде көтеруге мүмкіндік берді.

«Сот кабинеті» сервисі біртіндеп қағаз құжат айналымынан бас тартуға, ол өз кезегінде соттарда электронды сот ісін жүргізудің жаңа сатысына көшуге мүмкіндік береді. Мысалы, жаңартылған «Сот кабинеті» сервисінде QR-кодтарының жаңа технологиясы енгізілді. Халыққа ыңғайлы болу үшін және бірыңғай стандартқа көшу мақсатында «Сот кабинеті» сервисінде авторизациядан өту және ұсынылатын құжаттарға қол қою тетігі өзгертілді.

Енді авторизациядан өту және құжаттарға қол қою Egov mobile мобильді қосымшасының Face ID және Touch ID (QR-кодты сканерлеу) арқылы мүмкін болады. Енгізілген жаңашылдық сервиспен жұмысты айтарлықтай дәрежеде жеңілдетеді.

Осы орайда жобаның артықшылықтарына тоқталсақ, eGov mobile арқылы ЭЦҚ алу, компьютерде ЭЦҚ қажеттілігінің болмауы (тұрақсыз NCALayer арқылы қол қою мәселесі шешілуде), мобильді гаджеттердің қосымша параметрлерінің қажеті жоқтығы, мобильді гаджет арқылы авторизациядан өту және құжаттарға қол қоюға мүмкіндік арта түсті.

«Сот кабинеті» сервисін пайдаланушылар саны жылдан-жылға өсуде. Сондықтан сотқа талап қоюларды осындай басымдықтарға ие «Сот кабинеті» электронды жүйесімен жолдауға шақырамын.

Аян АЛТЫНБАЕВ,
Қызылорда облысы Жалағаш аудандық сотының әкімші басшысы

«Көңілсіз» рейтингте көш бастап тұрмыз

Еліміз дүниежүзінде есірткі тұтыну жөнінен «ондыққа» енді. Бұл туралы Біріккен Ұлттар Ұйымының The World Drug Report есірткі туралы дүниежүзілік баяндамасында айтылған. Отандық сарапшылар мұны растап отыр. Өкінішке қарай, Қазақстан нашақорлықтан болатын өлім-жітім бойынша да әлемде алда. Қоғамды жайлаған бұл кесапатпен күрес қалай жүріп жатыр?

Айхан ШӘРІП

ЖАҺАНДЫҚ РЕЙТИНГ – ЖҰРТҚА ДАБЫЛ

Заңсыз айналымына заңмен тыйым салынған осы затты көп тұтынатын елдер арасында Қазақстан 8-орынға тұрақтады. Жаһандық ұйым республикада 142 933 нашақор тіркелген деген ресми статистикаға жүгініпті. Тіркелмегені қанша екені белгісіз.

Бірінші орында АҚШ тұр. Ондыққа Эстония, Беларусь, Моңғолия, Канада, Гренландия, Ресей, Қазақстан, Біріккен Араб Әмірліктері және Дания кірді. Рейтингте елдер нашақорларының саны бойынша емес, олардың халық санына шаққандағы арақатынасына қарай тізімделген. Ресейде 1 517 270, оның алдындағы Гренландияда 899 нашақор тіркелген.

БҰҰ дүниежүзілік баяндамасында айтылғандай, әлемде ең көп тұтынылатын марихуана, қарасора-каннабис 154 елде өсіріледі. Екінші кең танымал есірткі түрі – апиын-опиум 57 елде егіледі. Кокаин өндіру үшін өңделетін кока өсімдігі 8 елде жиналады.

Соған қарамастан, БҰҰ өндіріс тұрғысынан «әлемнің бейресми есірткі астанасы» ретінде Ауғанстанды таныды. Есірткі өсімдіктері көп елде өсірілгенімен, апиынның әлемдік өндірісінің 95%-ы Ауғанстанға («әлемдік лидер»), Мексикаға және Мьянмаға тиесілі. Сол сияқты кока өндірісінің барлық дерлік көлемі Колумбия, Боливия және Перу еншісінде.

Ауған билігіне келген тәліптер көкнәр өсіруге тыйым салды және есірткі саудасымен қатаң күресуге бел буды. Бірақ қылмыстық индустрияның тамырына балта шабу оңай болмасы анық: Ауғанстан көкнәр шаруашылығымен ұзақ жыл айналысып келеді және 2021 жылы оның көлемі 177 мың гектарға жеткен. Бұл 650 тонна героин жасауға жетеді. Бүгінде геосаясатта «үлкен Орталық Азия» аймағына жатқызылатын Ауғанстанда опиаттар өндірісі елдің ЖІӨ-нің 14%-ын иеленеді.

Әлемдік есірткі орталығының тым жақын орналасқандығы және одан төртқұл дүниенің әр атырабына тарайтын ірі тасымал бағытының – «Солтүстік маршруттың» Қазақстан арқылы өтуі елге кесірін тигізді.

Республикада есірткінің заңсыз айналымының жыл сайынғы көлемі шамамен 20-25 тоннаны құрайды. Оның 95%-дан астамы каннабис тобындағы есірткіге, 5%-ға жуығы синтетикалық есірткіге, ал 1%-дан азы апиынға, героинге және психотроптық заттардың өзге түрлеріне тиесілі. 2022 жылы жалпы саны 15,9 тонна ғана есірткі тәркіленді.

«Ауғанстан дейміз, сорақысы сол, Қызылорда, Түркістан, Ақтөбе, Ұлытау облыстарында «Үнді қарасорасы» жайқала өскен тұтас плантациялар анықталды. Бұған жол бермеу үшін күрес құрылымдары заманауи, кәсіби беспилотниктермен жарақтандырылуы керек. Бұл іске ғарыштағы отандық жерді ғарыштан зондтау спутниктерін де жұмылдырған жөн. Яғни, әуеден барлау бағыты күшейтілуі тиіс. Есірткі егістерімен және оның тасымалымен күрестің бір тиімді тәсілі – осы. Бүгінде полиция «кладмендермен», «закладчиктермен», есірткі жасырушылармен күреске әуестеніп барады. Ол да керек. Бірақ бұлар пирамиданың ең түбінде тұрғандары ғана оларды жоқтатпайды, оңай ауыстырады. Сондықтан есірткі дайындаушыларды, зертханаларды жасырын анықтау, құжаттау және ұстау тактикасы қайта қаралып, жетілдірілуі қажет», – деген пікір білдірді сала ардагері, заң маманы Абзал Хамзин.

Қазақстан осы салаға тікұшақ техникасын тартып жатыр: алайда ол тек басып алу жасақтарын десанттау үшін ғана қолданылады.

БҰҰ рейтингінде Қазақстан есірткіден болатын өлім-жітім бойынша да «қара тізімнің» бас жағында тұрған мемлекет саналады: әрбір мың тұрғынның шамамен 3,87-сі нашақорлықтан өледі. Бұл өте жоғары көрсеткіштің бірі. Салыстырғанда, рейтингте жоғары тұрған Моңғолияда өлім-жітім 1 мың тұрғынға шаққанда – 0,63, Беларусьте – 1,82, Ресейде 3,60 адамнан ғана келеді.

> *БҰҰ рейтингінде Қазақстан есірткіден болатын өлім-жітім бойынша да «қара тізімнің» бас жағында тұрған мемлекет саналады: әрбір мың тұрғынның шамамен 3,87-сі нашақорлықтан өледі.*

Осының өзі есірткі саудасымен және нашақорлықпен күреске жауапты мемлекеттік органдардың жұмысында кемшілік барын паш етеді. Бір ай бұрын ғана, 2024 жылғы 22 қаңтарда Ішкі істер министрлігінің кеңейтілген алқа отырысын өткізген Президент бұл салада тегеурінді іс-қимыл жоқтығына қатты кейіп, құзырлы құрылымдардан есірткінің таралуына батыл түрде тосқауыл қоюды талап етті.

– Мен бірнеше рет осы мәселеге қатысты тапсырма бердім. Алайда ауыз толтырып айтатын нәтиже жоқ. Синтетикалық есірткінің қолжетімділігі және оның барынша тез таралуы жастар арасында нашақорлықтың белең алуына әкеп соқтырады. Оларға нашақорлықтың қаншалықты қатерлі екенін үнемі түсіндіріп отыру қажет. Полиция есірткі өндіру, оны сату және таратуға қарсы белсенді күрес жүргізуі керек, – деген Қасым-Жомарт Тоқаев бұл күрестегі көзбояушылықты, науқаншылдықты және статистика үшін жұмыс істеу дегенді тоқтатуға шақырды.

Ұлттық қауіпсіздік комитетінің есебіне жүгінсек, 2023 жылы Қазақстанда есірткі бизнесінің көрігін қыздырған 36 зертхана жойылды. 34 халықаралық және 32 өңірлік есірткі арнасына тосқауыл қойылып, 3,6 тонна есірткі тәркіленді.

ҰҚК халықаралық ынтымақтастық аясында шетелдік әріптестерімен бірқатар операцияны жүзеге асырды. Мемлекеттік шекараны күзету саласында құқық бұзған 31 мыңнан астам адам ұсталып, қару-жарақ, оқ-дәрі және есірткі алып өтуге қатысты 739 әрекеттің жолы кесілді.

НАШАҚОРЛАРДЫ ЕМДЕУ ҚАЛАЙ ЖҮРГІЗІЛЕДІ?

Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті ұйымдастыру департаменті басқармасының басшысы Анжела Бексұлтанованың айтуынша, Қазақстанда тіркелген нашақорлардың саны БҰҰ көрсеткен 142 мыңнан аз. Бірақ статистика елдегі нашақорлардың нақты санын көрсетпейді.

Бексұлтанованың мәліметінше, 2024 жылдың 1 қаңтарындағы жағдай бойынша республикада психоактивті заттарды қолдану салдарынан «психикалық мінез-құлқы бұзылған» диагнозымен 108 722 адам динамикалық бақылауда тұр. Оның ішінде есірткі мен психотроптық заттарға тәуелдісі, яғни нашақор деп танылғаны – 18 329 адам.

Нашақорлардың 91%-ы немесе 16 817-сі – ер адам. 9%-ы немесе 1 512 әйел. 18 бен 29 жас аралығындағы жастардың үлесі – 15% немесе 2 734. 66-сы – балалар.

Қолданылатын заттардың түрлері бойынша 6 080 адам опиоидтарға тәуелді. Олар 33,2%-ды құрайды. 6 488 адам немесе 35,4%-ы канабиоидтарға елтіп, өмірін еш етіп жүр. 798-інің немесе 4,3%-ының синтетикалық есірткіге басы байланған.

– Жасыратыны жоқ, ресми статистика елдегі есірткіге тәуелділердің нақты санын көрсетпейді. Өйткені көптеген нашақор сотталудан, жауапкершіліктен қорқып, басына түскен қиыншылықты жасырады, есірткіні астыртын тұтынады. Ресми ведомстволық статистика нарколог-дәрігердің назарына іліккендерді, соның ішінде «заттарды қолданудан туындаған психикалық-мінез-құлық бұзылыстары» диагнозы қойылып, динамикалық бақылауға алынған адамдарды ғана қамтиды. Есірткіні бір-екі рет тұтынғандар негізінен, динамикалық бақылауға алынбайды, – деді басқарма басшысы.

Сонымен қатар тіпті нашақорлық кесірінен психикасы бұзылған адам келісімін бермей қойса, оны динамикалық бақылауға ала алмайды. Есепке қою жазбаша келісімімен ғана жүзеге асырылады екен.

Динамикалық бақылау туралы деректер «Наркологиялық науқастар тіркелімі» ақпараттық жүйесіне енгізіледі. Бүгінде ДСМ-ның бұл жүйесі құқық қорғау органдарының ақпараттық жүйесімен біріктірілді.

«Денсаулық сақтау министрлігі профилактика, емдеу және оңалту саласында жұмыс істейді. Есірткіге тәуелді пациенттерді тегін емдеу Денсаулық кодексімен регламенттелген. Сондай-ақ Қазақстан халқына психикалық денсаулық саласында медициналық-әлеуметтік көмек көрсетуді ұйымдастыру стандарты бекітілді», – деді А.Бексұлтанова.

Психоактивті заттарға тәуелді пациенттерді емдеу және оңалту үшін тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемінде қаражат бөлінеді. Емдеу амбулаториялық жағдайда 77 бастапқы психикалық денсаулық орталықтарында, сондай-ақ аудандық ауруханалар жанынан ашылған 205 психикалық денсаулық кабинетінде, 20 стационарда және 1 республикалық ғылыми-практикалық орталықта жүргізіледі.

2023 жылы тәулік бойы жұмыс істейтін стационар жағдайында есірткіге тәуелді 3 534 науқас жатып, емделді.

Денсаулық сақтау министрлігі өкілінің айтуынша, нашақорларды медициналық-әлеуметтік оңалтудың кешенді бағдарламасы қолға алынған. Онда детоксикация, ағзаны удан арылту, психотерапиялық және психокоррекциялық емдеу, әлеуметтік оңалту іске асырылады.

Биыл медициналық-әлеуметтік оңалту бөлімшелерін Абай, Ұлытау, Маңғыстау және Шығыс Қазақстан облыстарында ашу жоспарланған.

КҮРЕС КЕШЕНДІ СИПАТ АЛУЫ ТИІС

ІІМ Есірткі қылмысына қарсы іс-қимыл департаменті бастығының міндетін атқарушы Бақытжан Әмірханов Президенттің тікелей тапсырмасымен «Нашақорлыққа және есірткі бизнесіне қарсы күрестің 2023-2025 жылдарға арналған кешенді жоспары» бекітілгенін тілге тиек етті. Бұл есірткіге қарсы іс-қимылды кешенді жүзеге асыруға бағытталған маңызды бағдарламалық құжат саналады.

Кешенді жоспардың негізгі мақсаттарына біріншіден, қоғам үшін аса қауіпті, әсіресе синтетикалық есірткінің таралуының жолын кесу, олардың қолжетімділігін төмендету жатады. Екіншіден, нашақорлықты ерте анықтау жүйесі енгізілмек. Үшіншіден, есірткі қолданатын адамдардың нақты есебін қалыптастыру міндеті қойылды. Төртіншіден, уәкілетті органның құзыреті мен мәртебесі арттырылады, бесіншіден, күрес құрылымдары материалдық-техникалық жағдайы нығайтылады.

– Ел Президенті мемлекеттің есірткіге қарсы саясатының өзектілігін, өмірлік маңызын атап өте келе, нақты бағыттарды белгілеп берді. Оны ІІМ деңгейінде сапалы және тиімді іске асыру үшін әрбір іс-шараны орындау барысы ішкі бұйрықпен бекітілді. Бұл жұмысты үйлестіру бізге, салалық департаментке жүктелді. Жоспардың әрбір тармағын іске асыру мақсатында қадам-қадам бойынша іс-қимыл алгоритмін әзірледік. Жоспар 7 бөлімнен, 77 тармақтан тұрады. Мұндай шешімдер оның орындалу динамикасын апта сайын әр сегментте бақылап, іс-әрекеттерімізді түзету бойынша қажетті шаралар қабылдауға мүмкіндік береді, – деді Бақытжан Әмірханов.

Кешенді жоспарды жүзеге асыруға биыл бірнеше министрлік пен ведомство жұмылдырылады. Атап айтқанда, ІІМ-нің өзі 38 тармақтың орындалуына жауап береді, ал 15 тармақ бойынша бірлесіп орындау көзделген. Денсаулық сақтау министрлігі – 16, Мәдениет және ақпарат министрлігі – 5, Оқу-ағарту министрлігі – 9 тармақ, Әділет министрлігі – 4 тармақ бойынша жауапты болып бекітілді.

Кешенді жоспарға сәйкес, халықтың осал топтары – жасөспірімдер мен жастар арасында ведомствоаралық профилактикалық жұмыс күшейтіледі. Барлық өңірде есірткіге қарсы профилактикалық іс-шаралар өткізу жоспарлары бекітілді. Биылғы жылдың алғашқы айында 1 800-ден астам осындай іс-шара өткізіліпті. Денсаулық сақтау саласының мамандарымен бірлесіп 700 іс-шара, нарколог-дәрігерлердің қатысуымен – 402, еріктілердің қатысуымен 265 акция ұйымдастырылды.

Қорыта айтқанда, Қазақ елінің әлем алдындағы абыройын кетірген бұл «кеселмен» күрес жан-жақты сипатта жүруі, тұтас кешенге айналуы тиіс. Бір қыры ақсаса, бүкіл күрес жайрап қалады. Мәселен, синтетикалық есірткі арзан, жастарға, балаларға да қолжетімді. Оқу-ағарту министрлігінің Тәрбие жұмысы және қосымша білім беру департаментінің директоры Меруерт Медетбекова жасөскіндер есірткінің ағзаға қандай зияны барын, өмірге тигізетін зардаптарын түсінбейтінін айтады. Бұл министрлік күннің жартысынан астамын мектепте өткізетін шәкірттерге соны түсіндіре алмағанда, не бітіріп отыр?! Ендеше түсініктеме жағы да олқы соғып тұрғаны байқалады.

Кеш қалдым деп күйзелме сен, құрбыжан...

Елімізде ана болуға асықпайтындардың саны артуда. 35 жастан асып сәби сүйген әйелдер соңғы он жылда 20 мыңға көбейген. Мәселен, 2015 жылы 35-39 жас аралығындағы 37 мың әйел босанса, 2021 жылғы бұл көрсеткіш – 57 мың. Ал 2021 жылы 20-24 жасында сәби сүйгендер саны 95 мыңнан асса, 30-34 жас аралығындағы босанған әйелдер 112 мыңға жуықтаған, бұл кезеңдегі 25-29 жастың көрсеткіші – 134 мыңдай. Бұл орайда, қоғамның да, мамандардың да пікірі екіге жарылады: бірі – кеш жүктілік кезінде түрлі генетикалық аурумен бала туу, сондай-ақ ана өлімінің ықтималы жоғары десе, енді бірі бұл жастағы әйелдердің жауапкершілігі жоғары – жүктілікті жоспарлайды, бала тәрбиесіне ұқыпты дегенді алға тартады.

Айдана НҰРМҰХАН

Бұл үрдіс кейінгі 10-15 жылда бүкіл әлемде белең алды. Мәселен, АҚШ және Еуропа елдерінде 20-25 шамасында сәби сүйгендерге қарағанда 35-40-тан кейін босанғандар саны артуда. Зерттеушілер мұны өмір сүру жасының ұзаруымен және қоғамдағы ана мен әйел рөлінің өзгеруімен байланыстырады. Сондай-ақ әйелдердің босануға асықпауына тағы бірнеше әлеуметтік-экономикалық және демографиялық фактор әсер етеді: гормоналды контрацепция қолдану, әйелдердің жұмыспен қамтылуының артуы, жоғары білім алу, мансап құру және әлеуметтік мәртебені көтеруге ұмтылу, бала туу мен тәрбиелеу үшін қолайлы жағдай жасау және тағы басқа.

«Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ ұсынған әлеуметтік зерттеуге сүйенсек, бүгінде еліміздегі 30-дан асқан әйелдер 30 жаста болған өз анасынан білім деңгейі, әлеуметтік процестерге қатысуы жағынан ерекшеленеді. Қазіргі әйелдер белсенді, экономикалық және саяси құқығы мен еркіндігін жақсы біледі, тәуелсіз әрі бірнеше әлеуметтік рөлді біріктіруге қабілетті.

ДАЙЫНДЫҚСЫЗ ЖҮКТІЛІКТЕН САҚТАНУ КЕРЕК

30-дан асып алғаш ана атанған Гүлнәр Досымбек кеш жүктілікке тиянақты дайындалу керегін айтады.

«Әр әйел іштей ана болуға дайын екенін сезеді деп ойлаймын. Өкінішке қарай, біздің қоғам 25 жастан ассаң болды кәрі қыз қылады. Сол қыздардың басым көпшілігі ата-анасының, ағайын-туыстың «қысымымен» алдыартына қарамай 25-тен асқаннан кейін асығыс тұрмысқа шығып жатады. Күйеуге тиген соң 1-2 жыл бала сүймесең, баяғы қоғам енді «бедеусің» дейді. Бұл екі стереотиппен бетпе-бет келіп көрдім. Ел-жұрттан «әбден отырдың-ау» деген сөз естіп жүргенде, яғни 29 жасымда тұрмысқа шықтым. Содан соң бір жылдай жолдасыммен бірге медициналық тексеруден өтіп, қажетті ем-дом қабылдап, тұңғышымды көтердім. 31 және 34 жасымда екі рет сәби сүйдім. Елімізде бұл жасты кеш жүктілікке жатқызады. Әйтсе де, күйеуге тие салысымен бала тууға асықпау керек. Әсіресе, 30-дан кейін босанатын болсаң, денсаулығыңды жүктілікке тыңғылықты даярлау шарт. Бұл жүктілік барысының қалыпты, ешқандай қабынусыз өтуіне әрі баланың сау дүниеге келуіне зор септігін тигізеді. Сондықтан кез келген әйел кеш босанудан қорықпауы керек, керісінше, дайындықсыз жүктіліктен сақ болуы тиіс», – дейді Гүлнәр.

Шын мәнінде, Еуропа елдерінде әйелдердің басым көпшілігі 30-дан кейін босанады, бұл әлеуметтік нормаға айналған. Жаһандану дәуірінде даму, әлем тану, мансап жасау және шығармашылық қабілетін іске асыруға бейім әйелдер бала тууға асықпайды әрі олар Гүлнәрдің жағдайындағыдай қоғам тарапынан қысым көрмейді. АҚШ-та кеш ана болу тақырыбында түрлі зерттеу бар. Мысалы, американдық психологтер 20 жасқа дейін және 30-40 жас аралығында ана болғандар арасында сауалнама өткізген. Әйелдер «Егер қайта шешім қабылдай алсаң, сол жасыңда бала туар ма едің?» деген сұраққа жауап берген. 20 жасқа дейін бала туғандардың көбі «жоқ» деп жауап берді, ал одан үлкен аналардың көпшілігі бала туу үшін дұрыс жас таңдағанына сенім білдірген. Германияда алғаш босанған аналардың орта жасы 30,2 жасқа дейін өскен. Еуропаның басқа елдерінде де алғаш рет бала туғандардың жасы жыл сайын артып келеді: Италияда – 31,4 және Испанияда 31,2 жастан жоғары. Ал ең жасы – Болгарияда (26,4 жас).

Қазақстандық қоғамдық даму институты жүргізген талдау нәтижесіне зер салсақ, елімізде де жыл сайын 35 жастан асып босанған әйелдер саны артып келеді. Бұл өсім, әсіресе 2019 жылдан 2021 жылға дейінгі кезеңде байқалған. Сауалнамаға қатысқандар жас кезінде немесе 35 жастан кейін бала туғанда өзіндік айырмашылық болғанын жеткізген. Әйтсе де, респонденттердің бір бөлігі керісінше, 35 жастан кейінгі жүктілік пен босану оңай және жеңіл болғанын, ерекше айырмашылықты сезінбегенін айтты. Көптеген «35+ жастағы» аналардың пікірінше, «кеш туған» балалар мен жас кезде туған балаларды тәрбиелеу әдістерінде елеулі айырмашылықтар бар. «Кеш туған» балаларды тәрбиелеуде ата-аналар көбірек сүйіспеншілік, қамқорлық, мейірім, шыдамдылық танытады. Қазақстандық ата-аналар «кеш туған» балалардың өзіне көбірек еркіндік пен таңдау бере отырып, проблемалық мәселелерді талқылауға тырысады. Ата-аналардың өздері атап өткендей, «кеш туған» балалар көбіне талантты және жасына қарамастан ақылды болады. Институттың талдау қорытындысы кеш ана болудың жағымды аспектілеріне ананың жүктілік пен бала тәрбиесіне дайындығы, балаға сабырмен қарау, қамқор болу, сондай-ақ жасына байланысты ана денсаулығының жақсаруын жатқызады.

Бүгінде босанған әйелдер арасында туғаннан кейінгі күйзеліс жиі кездеседі. Ғалымдардың зерттеуінше, босанғаннан кейінгі депрессияның ең төменгі мәні – Пәкістанда, ал ең жоғары мәні Түркияда тіркелген. Көбіне мұндай кезең нәресте туғаннан кейін 4-6 апта аралығында дамиды және кем дегенде 2 апта бойы жалғасады және баланың дамуына әсер етеді. Жағымсыз әсерлер балаға оқуда және мен сандармен жұмыс істеуде қиындықтар туғызуы мүмкін. Босанғаннан кейінгі депрессияның нақты этиологиясы жоқ, бірақ оның дамуы үшін ықтимал қауіптер анықталды. Белгілі бір жастағы әйелдер босанғаннан кейінгі депрессияның пайда болуына көбірек бейім деген ғалымдардың пікірі жоқ. Отбасының білім деңгейінің және табысының төмендігі депрессия қаупінің маңызды факторына жатады. Бұл орайда көбіне 35 жастан асқан ата-аналар балалы болған кезде қаржылық жағынан тәуелсіз және әлеуметтік тұрғыда аяққа тұрғанын зерттеу көрсеткен.

КЕШ ЖҮКТІЛІКТЕ КҮЙЗЕЛІСТІҢ ЗИЯНЫ КӨП

Кеш жүктіліктің жағымсыз салдары да бар. Дәрігер мамандар медициналық асқынулар кез келген жүкті әйелде кездесуі мүмкін, десе де, жасы келген әйелдерде оның ықтималы арта беретінін айтады, бұған ана денсаулығының (жүктілік, босану және босанғаннан кейінгі кезеңде) бұзылуы, бала саулығының нашарлауы, ана мен баланың өлім қаупінің көбеюі жатады.

«35 жастан асқан әйелдердің алғашқы жүктілігінің соңына дейін жетпеуіне байланысты баланың шетінеп кету ықтималы бар. Бұл кезеңде созылмалы аурулар өршуі мүмкін. Балада генетикалық дерттің пайда болу қаупі жоғары. Көпұрықты жүктілік, сондай-ақ босанғаннан кейінгі асқынулар жиілейді. 35 жастан кейін жүкті әйелдерде көбіне жүктілікті аяғына дейін көтере алмау, мерзімінен бұрын босану, босану қызметінің әлсіздігі, баланың салмағы аз болып тууы, босанғаннан кейінгі қан кету қаупі сияқты аурулар мен проблемалар кездеседі. Бұған түрлі фактор себеп болуы мүмкін. Сондықтан кез келген жүктілік жоспарлануы тиіс, ал кеш жүктілікке үлкен дайындық керек», – дейді гинеколог-дәрігер Айнұр Мұхитқызы.

«Қазақстандық қоғамдық даму институты» КеАҚ жүргізген талдау нәтижесі 35-40 жас санатындағы ерлі-зайыптылардың балалы болуына және оның қауіпсіз тууына кедергі келтіретін себептерге көбіне жұқпалы аурулар, гормоналды бұзылу, суық тию, сондай-ақ ісік (миома, эндометриз, аденомиоз), өздігінен түсік жасауды жатқызады. Егер ерлерді бөлек қарастыратын болсақ, онда медициналық тексеруден өту кезінде оларда стресс салдарынан спермограмманың бұзылуы, гормоналды бұзылу сияқты проблемалар анықталды. 35 жастан асқан жүкті әйелдер көбіне босанғаннан кейінгі қан кету, плацентаның бөлінуі, гистациялық қант диабеті сияқты проблемаларға/ауруларға тап болады. 35 жастан асқан әйелдер үшін босану кезіндегі ауыр жағдайлар жатыр суының ағып кетуі, босану қызметінің әлсіздігі немесе керісінше тез босану, кіндікке оралу, қан кету, жоғары қан қысымы, преэклампсия, мерзімінен бұрын босануға байланысты болуы мүмкін.

Десе де, 35 жастан кейін бала туу қаупін анықтау мақсатында Нью-Йорк ауруханаларының бірінде босанған төрт мың әйелді бақылаған американдық дәрігерлер 35 жастан асқан әйелдің физикалық денсаулығы жақсы және түсік болмаған болса (тіпті бірінші рет босанса да), 20 жастағы ана сияқты қалыпты бала туу мүмкіндігі бар деп қорытындылаған.

ЖҰМАТАЙ ЖОҚ, ЖОҢҒАР БАР

Биыл Жетісу облысында мәслихаттың шешімімен бірқатар елді мекеннің Кеңестер Одағынан бері сіресіп тұрған санаға жат атаулары ауыстырылды. Талдықорған қаласында да ықшамаудандар мен көшелер жаңа атауларға ие болды. Алайда жұрт күткен біраз өзгеріс жүзеге аспады. Соның бірі – облыс орталығындағы орталық көшелермен жарыса, жағаласа орналасқан Жоңғар атты шолақ көшенің сол бойында қалғаны.

Талдықорған қаласындағы қоғам белсенділерінің қозғауымен журналистер араласып, дабыл қаққанымен, мәселе сол бойында қозғаусыз қалды. Осыдан біраз жыл бұрын облыстағы шағын қалалардың бірінің әкімі халық алдында есеп бергенде тұрғындар тарапынан: «Қалалық кітапхананың тұрақ таппай, ақыры жертөлеге тығылып отырғаны қалай?» деп сұрақ қойылғанда ешбір саспастан: «Бізде кітапхана бар ма еді?» деп қайтара сұрақ қойып, жауап қатқанын естіп, жағамызды ұстаған едік. Әлде бір жылда үш лауазым ауыстырып, үшіншісінде Талдықорғанға әкім болған Ернат Бәзіл мырза мен осындай қалың ел назар аударып отырған ерсілеу жағдайларға дер кезінде назар аударып, тиісті орындарға талап қоюға тиісті депутаттар мен қоғамдық кеңестегілер облыс орталығының ортасында Жоңғар атауындағы көшенің ойып тұрып орналасқанын білмей ме?

Жалпы, Жетісу облысында Жоңғар атауының жұртқа да, билікке де еш өкпесі жоқ. Қазақтың айбары сынды асқар Алатаудың осы облыс арқылы өтетін сілемдерін «Жоңғар Алатауы» деп жалаулатамыз. Тарихшылар мен жергілікті өлкетанушылар бұл тауларды бір кездерде тұрғылықты халықтың «Жетісу Алатауы, Арқас Алатауы» деп атағанын сан мәрте көтергенмен, үйренген ауыз сол жат атаудан жаңылар емес. Сонымен бірге Алакөл ауданындағы атақты Ебінің желі соғатын аңғарды «Жоңғар қақпасы» деп атауды тоқтатып, «Жетісу қақпасы» деп ауыстыруға да асығар емеспіз. Оны айтасыз, облыстың шығысындағы Ақсу, Сарқан, Алакөл аудандарының ең шырайлы әрі шұрайлы жерлерін қамтып жатқан алып аймақта Қазақстан Үкіметінің 2010 жылдың 30 сәуір айында №370 қаулысына сәйкес құрылған, Сарқан, Алакөл, Лепсі филиалдарынан тұратын табиғи саябақтың атауы да «Жоңғар Алатауы» мемлекеттік ұлттық табиғи паркі» деп аталады. Парктің жалпы ауданы – 356 022 гектар. Ақсу ауданында 55 257 гектарды, Сарқан ауданында 151 947 гектарды, Алакөл ауданында 148 818 гектарды алып жатыр. 2010 жылы біздің елдің тәуелсіздік алғанына 20 жылға жуықтағанда бір кездердегідей, Мәскеуге жалтақтамайтын, бәрін өзіміз шешетін шақта осындай алып аумақты қамтып жатқан «Мемлекеттік ұлттық» деген мәртебесі бар табиғи паркке қалай ғана «Жоңғар Алатауы» деген атауды қойғанымызды ешкім түсіндіріп бере алмасы анық.

Осылайша, тарихтан жоңғардың заты өшкенмен, аты өшпегеніне Жетісу облысында жоғарыдағылардан бөлек те дәлел бар. Соның бірі әрі бірегейі – облыс орталығының ортасында ойып тұрып орналасқан Жоңғар тұйық көшесі. Біржан сал көшесімен қиылысатын шолақ көшеге атау 2009 жылы беріліпті. Сол кездегі қаланың тізгінін ұстағандар, мәслихаттың төрінде отырғандардың бұған қалай жол бергенін де қазір ешкім айта алмайды. Біледі-ау дегендердің өзі күмілжіп, басын ала қашады.

Жалпы, өңірдегі мәдениет саласына жауаптылардың жауапсыздығы, өткенді жете білмейтініне бұған дейін бірнеше рет куә болған едік. Жұматай Жақыпбаевтың туғанына 75 жыл толғанда, осыдан бірер жыл бұрын жазушы Сайын Мұратбековтің 85 жылдығын атап өтуге қатысты түсінбестіктер туындағанда сол кездегі Алматы облысы мәдениетіне жетекшілік етіп отырғандардың аузынан «олар кім еді?» дегенді естігенде жағамызды ұстағанбыз. Одан кейін облыс екіге бөлінді. Басшылар ауысты. Сонда да серпіліс жоқ. Оған былтыр туғанына 130 жыл толған Біләл Сүлеевтің атаусыз қалғаны дәлел бола алады. Осы мәселені көтергенімізде руханият саласындағылардың қазақ үшін жанын қиған Алаш арысын жете білмейтінін байқағанбыз.

Жоғарыда аталған есімдері Жетісу өңірінің ғана емес, қалың қазақтың есінде жатталуға, тарихта қатталуға тиісті тұлғалардың есімі өздеріне тиісті деңгейде аталмай, ұлықталмай отыр десек, ешкім қате айттың дей қоймас. Біләл Сүлеевтің атында Талдықорғанның жанындағы Еркін деген ауылда кішкене ғана шолақ көше бар. Бұдан басқа, облыста, елімізде, оның ішінде туған жері Ақсу ауданында мемлекет және қоғам қайраткері атында бірде-бір көше немесе мектеп, кітапхана, мекеме жоқ. Еркіндегі көшеге 1991 жылы 31 мамыр саяси Қуғын-сүргін құрбандарын еске алу, Тағзым ету күні болып алғаш белгілеген кезде өлкетанушы Жемісбек Толымбеков пен сол жылдары облыс орталығындағы Ілияс Жансүгіров мұражайын басқарған Кәмила Қоқымова шапқылап жүріп, Біләл Сүлеевтің атын қойғызған еді. Кейіннен, 2015 жылы осы қысқа көшеден де айырылып қала жаздағанымыз тағы бар. Жергілікті пысықайлар «Біләл Сүлеев деген кім?» дегенді қоздатып, көшені басқаша атауға тырысқан. Оларды қалалық әкімдік қолдап, ақырында Сүлеевтің іздеушілері жеңіп шыққаны есте қалыпты.

Сонымен бірге көзіқарақты қазақтың барлығы шырайлы шығармаларын басына жастанып оқыған қазақ әдебиеті классиктері бірегейлерінің бірі Сайын Мұратбековке Талдықорғаннан бір көше берсе, халық қуанбаса, қарсылық танытпасы анық. Жетісудың дарабоз ақыны Жұматай Жақыпбаевтың туғанына 75 жыл толған 2020 жылы облыс орталығынан бір көшені беруге қатысты көтерілген бастама да тиісті орындардан қолдау таппады ма, әлі шешілген жоқ.

«Қаланың тура орталығында Жоңғар деген көшенің болуы ақылға сыймайды. «Жоңғарлар деген кімдер?» дегенді ұйықтап жатқан қазақты оятсаң, егжей-тегжейлі айтып берері анық. Өкінішке қарай, Кенесары сынды қазақтың соңғы ханына, қазақ хандығының негізін қалаған Керей мен Жәнібекке, әл-Фараби сынды ғалам мойындаған ғұламаға және бұрынғы және бүгінгі тағы да басқа тарихи тұлғаларымызға атау қимай отырғандар, көздерінің астындағыны көрмегендей сыңай танытады. Біз – Талдықорған қаласының қоғам белсенділері бұл мәселені бірнеше рет көтергенімізбен, сол баяғы сиырқұйымшаққа салып, әне-мінемен кейінге сілтеп келеді», – дейді Талдықорғанның байырғы тұрғыны, облыстағы барлық игі іске жанашыр болып жүретін Мақсұт Қалажанов ағамыз.

Жалпы, Талдықорған қаласы маңайындағы елді мекендерді қоса санағандағы 900-ге жуық көшенің денінің атауы бар. Бірақ солардың арасында түбегейлі арылып, жаңаша атау беруді қажетсінетіндер жетерлік. Талдықорған қалалық мәдениет, тілдерді дамыту және спорт бөліміндегілер соларды ауыстыру қолға алынады деген еді. Жақында Талдықорғанда ықшамаудандар мен көшелер жаңа атауға ие болады. Мұндай шешім мәслихаттың кезекті сессиясында қабылданыпты. Республикалық ономастикалық комиссияның қорытындысы бойынша Талдықорғандағы бұрын сандармен белгіленген ықшамаудандар мен көшелер жаңа атауды иеленеді. Бір қуанарлығы, Талдықорғанның оңтүстік-батыс бөлігіндегі атауы жоқ №10 шағынауданға әл-Фараби атауы берілетін болды. Өкінішке қарай, атауы өзгергендер қатарында Жоңғар тұйық көшесі жоқ және жоғарыда есімі аталған Керей мен Жәнібекке, Кенесары ханға, Сайын Мұратбеков, Жұматай Жақыпбаевқа бұл жолы да атау бұйырмапты.

Болат АБАҒАН,
Жетісу облысы

ЖАМБЫЛДАҒЫ «САҚАЛДЫ» ҚҰРЫЛЫС

Жамбыл облысында былтыр 71 нысанның құрылысы мерзімінде аяқталмай, бұқараның да, билік өкілдерінің де бас ауруына айналып отыр. Сағызша созылған құрылысқа жауапты сала мамандары мердігерлерді кінәласа, сенімге селкеу түсірді делінген серіктестіктер барлығын құрылыс материалдарының қымбаттауымен байланыстыруда. Осылайша, тараптар сен салар да, мен салардың керін келтіріп жатқанда одан қарапайым халық жапа шегуде.

АҚШАНЫ ЕРТЕ АУДАРУ ӘДЕТКЕ АЙНАЛДЫ

Құрылысы аяқталмаған нысанға әкімдіктегілердің ақшаны ерте аударып жіберуі әдетке айналғалы қашан?! Содан қаржыны қалтаға басқан мердігер жоспарлы жұмысты дер кезінде аяқтамады деп соңынан қуып алашапқын болып жүреміз. Мәселен, Мойынқұм ауданы Айдарлы ауылында салынып жатқан спорт кешенінің қаңқасы енді қаланып жатса, аудандық құрылыс бөлімі жоба бойынша белгіленген 340,4 миллион теңгенің 325,3 миллион теңгесін серіктестіктің есепшотына аударып жіберген. Енді қалған 15 миллион теңгеге кешен құрылысы сапалы аяқталады дегенге сену қиын.

Әңгіменің әлқиссасын әріден бастасақ, аталған спорт кешенінің құрылысы 2022 жылы басталып, 2023 жылдың аяғында аяқталуы тиіс болатын. Алайда «Нұрбек» ЖШС жұмысты енді бастай бергенде «Тунас» ЖШС конкурстың қорытындысына наразылық танытып, сотқа берген. Сот 2022 жылдың тамыз айынан желтоқсан айына дейін созылып, бұл аралықта құрылыс жұмыстары тоқтап қалған. Содан желтоқсан айында сот ісі аяқталып, жеңімпаз серіктестік құрылысты опыртопыр бастаймын дегенде қыс түсіп кетеді. Сөйтіп, құрылыс жұмыстары тағы 2023 жылдың наурыз айына дейін тоқтайды. Соның салдарынан аталған нысанның құрылысы жыл соңына дейін аяқталмаған. Соған қарамастан, аудандық құрылыс бөлімі серіктестіктің ақшасын аяқталмаған жұмыс үшін аударып жібергені таңғалдыруда. Бұған қатысты аудандық құрылыс бөлімінің басшысы Тұрсынхан Жаманқұлов өз уәжін айтады.

– Құрылыс басталғалы бері үшінші жылға кетіп барады. Жобаның іске асуы 11 ай деп көрсетілгенімен серіктестіктер соттасып, одан қалса қыс айы келіп қолды байлады. Содан жобалаушылар мен техникалық қадағалаушылардың қатысуымен хаттама жасалып, келісімшартқа өзгеріс енгізіліп, аяқтау мерзімі 2024 жылдың 31 шілдесі деп өзгертілді. Ал мердігерге қаржыны ерте аударып жіберуіміз серіктестік қымбат құрылыс материалдарына ұрынып қалмауы үшін барлық қажеттіні былтыр сатып алып қойды. Қазір материалдар қамбада сақталып тұр. Бұдан басқа мердігер қосымша қаржы сұрап отырған жоқ. Жобада бастапқыда көрсетілген қаржыға нысанның құрылысын аяқтап береді, – дейді бөлім басшысы.

Әрине, құрылысқа ерте бастан қамданған дұрыс-ақ. Алайда бұл қаншалықты заңды? Бекітілген заңдық талап бойынша тапсырыс беруші аяқталған құрылыс жұмыстарының қаржысын акт бойынша аударуы керек емес пе? Ертең бұл аударымды құзырлы органдар тексеріп, оны заңсыз деп тапса, құрылыс жұмыстары тағы тоқтап қалмасына кім кепіл?

БАЛАЛАР СПОРТ ЗАЛДА ОҚЫП ЖАТЫР

Мойынқұм ауданында жыры бітпеген тағы бір нысан – Бірлік ауылындағы Қ.Рысқұлбеков атындағы орта мектеп. Аталған нысанның құрылысы 2023 жылдың мамыр айында басталып, жыл соңына дейін бітуге тиіс еді. Алайда тендер жеңімпазы Dauren Build ЖШС-нің жауапсыздығынан құрылыс жұмыстары әлі күнге созылуда. Мердігердің айтатын уәжі құрылыс материалдары Алматы қаласынан кешеуілдеп жатқан көрінеді. Бірақ бұл сылтаудан билік өкілдері де, бұқара да әбден мезі болған.

– Серіктестік алдымен жылуды қоспай қалай құрылыс жұмыстарын жүргізеді? Бүгінгідей аязды күнде жасалған жұмыстың сапасы бола ма? Ертең-ақ бүлініп, құрылыс материалдары қайта ортасына түсіп жатса кімнен жауап аламыз? Мердігер ең алдымен жылуды жүргізіп, сосын барып ішкі жұмыстарды істеу керек. Бұлар әйтеуір бәрін сылап-сипап, ерте бітіруге асығуда, – дейді Көктерек ауылының тұрғыны, ардагер ұстаз Көшербай Дәметов.

Күрделі жөндеу жұмыстары дер кезінде бітпегендіктен, қазір оқушылар жақын маңдағы спорт кешенінің залында оқуға мәжбүр. Ал бұл ешқандай білім беру стандартына сай келмейтіні айтпаса да түсінікті. Оған қоса, ортасын фанермен бөліп қойған спорт залда ұстаздар мен оқушылардың даусы жаңғырып, білім ошағын емес, бейне бір базарды елестетіп тұр. Бұл нысан бойынша да тапсырыс беруші Мойынқұм аудандық білім бөлімі қаржыны ерте аударып жіберген. Қазір тек 25 миллион теңгесі қалып отыр. Білім бөлімінің басшысы мердігерді сотқа бергендерін айтуда. Сондықтан бұл нысанның да құрылысы бүгін-ертең бітеді дей алмаймыз.

ЖОБАНЫҢ КЕШІККЕНІНЕ КІМ КІНӘЛІ?

Жуалы ауданы Бауыржан Момышұлы ауылындағы спорт кешенінің де құрылысы былтыр бітуі тиіс болатын. Алайда әлі күнге бауын тапса, байлауын таппауда.

Негізі, кешеннің құрылысы 2021 жылдың 4 қазанында басталған. Жоба құны 306 млн 372 мың теңге болса, жоспар бойынша құрылыс жұмыстары 2022 жылдың қыркүйек айында аяқталуы тиіс болатын. Бірақ бүгінге құрылыс-монтаждау жұмыстары тек 67 пайызға орындалып отыр. Құрылыс жұмыстарын жауапкершілігіне алған «Әділ-құрылыс» ЖШС қаралған қаржының 234,6 миллион теңгесін игерген. Енді қалған 71,8 миллион теңгеге серіктестік құрылыс жұмыстарын аяқтай алмайтындығын айтып, тағы қосымша қаржы сұрауда. Оның себебін серіктестік құрылыс материалдарының қымбаттап кетуімен түсіндіруде. Алайда тапсырыс беруші мердігердің талабымен келіспей, оны «жосықсыз» деп тану үшін сотқа арыз түсірген. Бұл жерде де тараптардың кикілжіңінен халық жапа шегіп отыр.

СУ ДА, ЖАРЫҚ ТА ЖОҚ

Былтыр білім саласы бойынша да 4 жоба аяқталмай қалған. Соның бірі – Тараз қаласы «Арай» тұрғын алқабындағы 600 орындық және «Казарма» тұрғын алқабындағы 180 орындық мектеп құрылысы.

«Арай» тұрғын алқабындағы мектеп құрылысы 2021 жылдан бері жұрттың жанына батып келеді. Жауапсыз серіктестіктердің кесірінен құрылыс жұмыстары сан мәрте тоқтап, әлі күнге пайдалануға берілмей отыр. Дәл сондай «Казарма» тұрғын алқабында салынып жатқан 180 орындық мектептің құрылысы 2022 жылдың сәуір айында басталып, өткен жылдың соңында пайдалануға берілуі керек еді. Бірақ бұл мектепті де Тараз қалалық білім бөлімі әлі күнге қабылдап алған жоқ. Қалалық білім бөлімі мамандарының айтуынша, бір ғана «Арай» тұрғын алқабындағы мектепке әлі алынбаған немесе жасалмаған 300 миллион теңгенің дүниесі бар екен. Ал «Казарма» алқабындағы мектепте су да, жарық та жоқ. Электр қуаты уақытша подстансадан жалғанып берілген. Алайда мектептің жарығын толықтай осы подстансадан алатын болса, бүкіл ауыл жарықсыз қалады. Сондай-ақ серіктестік «жобада жоқ» деген желеумен кәріз жүйесі сынды дүниелерді де әлі күнге орнатпағаны анықталып отыр.

Негізі, «Арай» тұрғын алқабындағы мектептің жобалық құны 1,2 миллиард теңге деп көрсетілген. Енді оған әлі 300 миллион теңгенің дүниесі қажет болса, бір мектептің қанша қаржыға тұрып жатқанын есептей беріңіз. Оның өзінде құрылыстың сапасы сын көтермеуде.

ҚАРЖЫ НЕГЕ КЕШ ҚАРАЛАДЫ?

Тараз қаласында мектептен бөлек, 1 346 пәтерлі 24 көпқабатты тұрғын үйдің де құрылысы аяқталмай қалған. 2023 жылы облыс орталығында 62 тұрғын үйдің құрылысы басталған болатын. Бұған 11,7 миллиард теңге қаржы бөлінген. Қала әкімдігі өткен жылдың аяғына дейін 36 көпқабатты үйді пайдалануға беруді жоспарлағанымен, оның 12-і ғана беріліп, қалған 24-і биылғы жылға қалып кеткен. Қала әкімі Бақытжан Орынбеков бұның себебін қаржының кеш қаралуымен байланыстырып отыр.

– Құрылысы кешеуілдеген жобалардың барлығы маусым айынан бастап қаржылана бастады. Тұрғын үй құрылысының нормативтік мерзімі 9 ай екенін ескеретін болсақ, бұл кемшілік қаржыландырудың кешіктірілуімен тікелей байланысты. Биыл қалған үйдің құрылысы жалғасып жатыр. Бірақ бүгінде қажетті 11,2 миллиард теңгенің 5,5 миллиарды ғана бөлініп, қаржыландыру мәселесі әлі де шешімін тапқан жоқ. Біз салалық министрліктің Құрылыс комитетіне және Қаржы министрлігіне барлық бюджеттік өтімдерді бердік. Алайда қаржыландыру ісі жылдың екінші жартысында ғана қаралады деген ақпарат келіп жатыр. Яғни, былтырғы жағдай биыл да қайталанбақ. Бұрын жобаның бюджеттік өтінімі бірден мақұлданып, қаржы жағы бірден шешілетін. Қазір министрліктің позициясы өзгерген. Қаржыны жыл бойы бөледі, бірақ негізгі қаражат жылдың екінші жартысында ғана беріледі. Бұл жағдай құрылыстың сапасына тікелей әсер етуде. Сондықтан бұл мәселенің оңтайлы шешілуі үшін облыс әкімінен қолдау білдіруін сұрап жатырмыз, – дейді шаһар басшысы.

P.S.

Міне, байқап тұрсаңыздар, құрылыс саласында осындай шешімін таппаған мәселелер шаш етектен. Бір тұста мердігер компаниялар жауапсыздық танытып, сенімге селкеу түсірсе, екінші жағынан, министрлік қаржыны кеш қарап, жығылғанға жұдырық болуда. Енді мұндайда қайтпек керек? Бәлкім, бұл мәселені хат жолдап немесе әкімдік дәлізінде ғана айтып қоймай, үлкен мінберге Парламент депутаттары арқылы шығару керек шығар. Сол кезде халықтың үні мен мұңы министрлікке жетіп қалар… Әрі бұл мемлекеттік сатып алу конкурсын да майшаммен қарауға мүмкіндік туғызар…

Саятхан САТЫЛҒАН,
Жамбыл облысы

МУЗЕЙ МҰҢ ШАҒЫП ТҰР

Тағдыры толқынмен тамырлас Арал ауданының тарихы тереңде жатыр. Бүгінде өңірдің өткен кезеңі қатталған көне құжаттарда жазылып, құнды жәдігерлері музей мұрағатында сыр шертеді.

Қазіргі таңда осы көне жәдігерлердің көмбесі саналатын Арал аудандық тарихи-өлкетану музейінің мұңды күй кешіп тұрғаны көпшілікті алаңдатып отыр. Ауданда 1988 жылдан бастап жұмысын бастаған музейде 10 мыңдай экспонат сақтаулы. Онда 5 тақырыптық зал бар. Оның әрбірі теңізді өлкенің өткенінен сыр тартатын құнды деректерге толы. Атап айтқанда, «Археология және этнография», «Өнер мен әдебиет», «Галерея», «Тәуелсіз Қазақстан», «Өлке тарихы» экспозициялық залдары жұмыс істейді. Оның ішінде теңіз төскейі еңбеккерлерінің атқарған жұмыстарын ұлықтауға арналған «Еңбек даңқы» залы, Лениннің 1921 жылы Арал балықшыларына жазған хаты, социалистік еңбектің 16 батыры жайындағы тың деректер музейде тұр. Сонымен қатар 1919 жылы тамыз-қыркүйек айларында болған «Арал доғасы» азаматтық соғысының диорамасын да табуға болады.

Дейтұрғанмен, музей ғимаратының қазіргі жағдайы мәз емес. Ұрпақтан ұрпаққа аманат болып жеткен құнды жәдігерлер қоры жинақталған мекеме ғимараты талапқа сай еместігі айтылып келеді.

Негізі, бұл музей ғимараты 1954 жылы салыныпты. Алғашында ғимарат интернат ретінде жұмысын бастаған. Балаларды білім нәрімен сусындатып, ұлағатты ұрпақ қалыптаптыру бағытында жұмыс жүргізген. Бертін келе, мәдениет үйі ретінде қайта құрылымданады. Талай жыл өнердің қара шаңырағы болған ғимарат кейіннен музейге беріледі.

«Негізі, Арал ауданындағы 1988 жылдан бастап жұмыс істеп келе жатқан музейде теңізді өлкенің тарихынан мағлұмат беретін құнды деректер аз емес. Алайда ғимараттың тозығы жетіп тұрғаны ащы да болса ақиқат. Осы орайда апатты жағдайда тұрған ғимаратта аудан тарихынан сыр шертетін баға жетпес құндылықтарымызды сақтау оңайға соқпайды. Сондықтан жаңа да заманауи музей ғимаратына көшіріліп, келушілерге қолайлы жағдай жасау назардан түскен емес. Бұл көп жылдан бері көкейде жүрген мәселе болатын. Осы келеңсіздік биыл түбегейлі шешіледі деген жоспар бар. Биыл облыс әкімінің тапсырмасымен ауданнан «Руханият» орталығын салу бастамасы жүзеге асырылады. Соның негізінде аудан музейінің экспозициясын аталмыш орталыққа көшіру жұмыстары жоспарланып отыр», – деп түсіндірді Қызылорда облысы тарихи-өлкетану музейінің басшысы Сапар Көзейбаев.

Жалпы, облыстық мәдениет мұрағат және құжаттама басқармасының мәлімдеуінше, музей ғимараты 2022 жылдың 20 шілдесінде облыс әкімі Н.Нәлібаевтың бекітуімен құрылыс салуды қажет ететін, білім, денсаулық сақтау, мәдениет, спорт және тұрғын үй-коммуналдық шаруашылық нысандар тізіміне енген. Бұған дейін музей ғимаратының апатты жағдайда тұрғаны ескеріліп, жаңа нысан салу мәселесі көтерілгені белгілі. Тіпті, бір кездері арнайы жер телімі қарастырылып, 600 млн теңгеге жаңа ғимарат салу көзделіп отырғаны мәлім болған еді. Алайда бұл бастаманың соңы сиырқұйымшақтанып, қаржы мәселесі қолбайлау болып тұрғаны айтылды.

Теңізді өңірдегі тарихи нысанның тағы бірі – аудандық мәдениет үйі ғимараты. 1936 жылы бой көтерген бұл ғимарат та жетімнің күйін кешіп тұр.

Аталмыш ғимараттың көрермендер залының сыйымдылығы 300 орынға негізделген. Бірақ мекеменің сырт келбеті көз сүйсінерлік күйде тұрғанымен, ішкі сапасы адам шошырлық жағдайға жеткен. Ғимараттың ескіргені соншалық, жаңбыр мен қар суынан ғимарат ішін ауық-ауық су шайып кетеді. Қабырғалары да қақырап, электр желілері өте ескі жағдайда тұр. Өңір халқы осылай деп мұңын жеткізді.

«Арал аудандық мәдениет бөлімінде 20 жыл бас маман болып, кейіннен 14 жыл аудандық мәдениет үйінде басшылық қызметте болдым. Алғашында мәдениет үйі мекемесі қазіргі музей ғимаратында болды. Ал қазіргі ғимарат ол кезде «Маяк клуб», яғни теңіз портының клубы болып жұмыс істейді. Кейіннен аудандық мәдениет үйі болып қайта құрылымдалды. Өзім басшылық жасаған кезеңге көз жүгіртсек, сол кездің өзінде ғимараттың сапасы сын көтермейтін жағдайға болатын. Төбесінен су кетіп, қабырғалары сыз тартып тұратын. Сол уақыттан бері бірнеше мәрте күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілгенін де білеміз. Бірақ жағдай түзелген жоқ. Әлі күнге дейін мәдениет үйінің жағдайы мәз емес. Бұл ғимарат ауданымыздағы тарихи нысанның бірі саналады. Соған орай ғимаратты сақтап қалуға мән беру қажет деп ойлаймын», – деп ойымен бөлісті аудан тұрғыны, мәдениет саласының ардагері Байнияз Тілепов.

Ал облыстық мәдениет, мұрағат және құжаттама басқармасы ғимараттың тозығы жетіп тұрғанын растап, алдағы уақытта бұл мәселені шешімін табатынын мәлімдеп отыр.

«Арал аудандық мәдениет орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорын ғимараты 1936 жылы салынған. Ғимарат өте ескі. Жыл сайын еріген қар мен жаңбырдан көрермендер залы, бірнеше кабинеттің төбесінен су ағып, қолайсыздық туғызып тұр. Яғни, ғимараттың төбе жабындысы ескіріп, электр және жылу жүйелері толық ауыстыруды қажет етеді. Соған орай нысанды күрделі жөндеуден өткізуге шешім қабылданды. Оның жоба-сметалық құжаттамасы да әзірленген. Алдағы уақытта барлық келеңсіздік қалпына келтірілетін болады» деп түсіндірді басқарма тарапынан.

Қазір «Арал аудандық мәдениет орталығы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорында 8 үйірме жұмыс істейді. Онда 134 бала дәріс алады. Алайда бұлдіршіндердің қауіпсіздігі әзірге құзырлы орындардың қаперіне кірмей тұрған секілді.

Қалай десек те, аудандағы тарихи маңызы зор нысандардың келешек тағдыры тұрғылықты халықты толғандырып тұр. Алдағы уақытта талай жыл жырға болған қос ғимаратты жөндеу, сақтап қалу жұмыстары оң шешімін табады деп үміттенеміз.

Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ,
Қызылорда облысы

«GoldFinMarket Микроқаржы ұйымы» ЖШС
сатып алынбаған кепілдегі мүліктерге: алтыннан жасалған бұйымдар № 1- №95 лот бойынша сауда жариялайды:

Бастапқы бағасы:
1. 585 сынаманың 1 санатындағы бұйымдар – 17 970 теңге/грамм
2. 585 сынаманың 2 санатындағы бұйымдар – 19 767 теңге/грамм
3. 585 сынаманың 3 санатындағы бұйымдар – 21 564 теңге/грамм
4. 958 сынаманың 1 санатындағы бұйымдар – 29 428 теңге/грамм
5. 500 сынаманың төмен сынама бұйымдар – 15 359 теңге/грамм

Аукцион 05.03.2024 жылы сағат 14.00-де Астана қаласы, Сейфуллин көшесі, 14 үй мекенжайы бойынша өтеді.
Аукционға қатысу үшін өтініштер келесі мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сейфуллин көшесі, 14 үй мекенжайы бойынша голланд әдісімен өтеді.
тел. 8 (717-2) 22-22-25; 8 (775) 154-17-49
Кепілдік жарна сомасы ұсынылған сомадан 5% төлем ақысы қабылданады. Аукцион басталатын уақыттан 1 сағат бұрын өтініштерді қабылдау тоқтатылады. Төлем жасау шарты 100% – 5 жұмыс күн ішінде.
Деректемелер: «GoldFinMarket Микроқаржы ұйымы» ЖШС, БСН 071140021635, СТН 581500213269,
ЖСК KZ39551X125000008KZT, БСК KSNVKZKA, КБе 15, «Банк Фридом Финанс Қазақстан» АҚ
Сенімді тұлға: Шакирова Асемгуль Каирбековна.

ТОО «Микрофинансовая организация GoldFinMarket»
объявляет торги невыкупленного залогового имущества: изделия из золота по лотам с № 1 - №95

Стартовая цена:
1. Категория 1 изделия 585 пробы –17 970тенге/грамм
2. Категория 2 изделия 585 пробы – 19 767 тенге/грамм
3. Категория 3 изделия 585 пробы – 21 564 тенге/грамм
4. Категория 1 изделия 958 пробы – 29 428 тенге/грамм
5. Низкопробное изделие 500 пробы – 15 359 тенге/грамм

Аукцион состоится 05.03.2024 года в 14.00 поголландскому методупо адресу: г. Астана, ул. Сейфуллина 14.
Заявки на участие в аукционе принимаются по адресу: г. Астана, ул. Сейфуллина 14,
тел.8 (717-2) 22-22-25; 8 (775) 154- 17- 49
Сумма гарантийного взноса – 5% от заявленной суммы. Прием заявок прекращается за 1 час до проведения торгов. Условия оплаты 100% в течение 5-ти рабочих дней.
Реквизиты: ТОО «Микрофинансовая организация GoldFinMarket», БИН 071140021635, РНН 581500213269,
ИИК KZ39551X125000008KZT, БИК KSNVKZKA, КБе 15, АО «Банк Фридом Финанс Казахстан»
Доверенное лицо: Шакирова Асемгуль Каирбековна

ҚР 2018 жылғы 27 желтоқсандағы №204-VI «Табиғи монополиялар туралы» Заңы 25-бабының 10-тармағына сәйкес «Астана су арнасы» МКК тұрғындарды, кәсіпорындарды және ұйымдарды тұтынушыларға және өзге де мүдделі тұлғаларға реттеліп көрсетілген қызметтерін көрсету жөніндегі жыл сайынғы есеп беру өткізілетіндігін хабарлайды.
Субъектінің атауы: «Астана су арнасы» МКК
Есептік кезең: 2023 жыл
Жыл сайынғы есептің өткізілетін уақыты және орны: 2024 жылғы 14 наурызда сағат 15.00-де, Астана қаласы, Абай даңғылы 103 (акт залы және онлайн-конференция тәртіптемесі).
Реттеліп көрсетілетін қызметтердің түрлері: сумен жабдықтау және кәріздендіру.

Бекзат болмысы – ҚҰЙРШАҚ бейнесінде

Алматы мемлекеттік қуыршақ театрында қазақстандық боксшы, Сидней Олимпиадасының жеңімпазы Бекзат Саттархановтың батыл рухына арналған «Чемпион» қойылымының премьерасы өтті. Маусым сайын тұрақты көрермендерін тың әрі мазмұнды қойылымдарымен қуантатын театр ұжымы тұңғыш рет жасындай жарқ еткен Бекзат Саттарханов бейнесін қуыршақ бейнесінде сахналады.

Қойылым режиссері Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, театр ардагері – Оразәлі Ақжарқын Сәрсенбек, авторы – халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының жүлдегері, драматург Әлібек Байбол, суретшісі – Юлия Чернова, Ануар Бүркітбаев, музыкамен көркемдеуші – Бақберген Байшығаш, хореографы – Анна Цой.

Театрсүйер қауым назарына ұсынылған қойылымның көздеген межесі – спортшы бейнесі арқылы көрерменді арманына адал болуға, асқаралы белеске қол жеткізу жолында кездескен сынақтарға төтеп беруге, қайсарлық пен шыдамдылық сынды игі қасиеттерді бойға сіңіруге, қиындықты бастан өткеру нәтижесінде шыңдалуға тәрбиелейді. Ал театрдағы өзге қойылымдардан басты ерекшелігі – біртуар спортшы, алты алаштың мақтанышы, қамшының сабындай ғана қысқа ғұмырында 143 жекпе-жек өткізген болмысы бөлек спорт шебері мен актерлік құрамға ерекше ықыласын білдірді.

– Көк жалауымызды әлемге желбіретіп, «Мен – қазақтың ұлымын», «Қазақ жерінде туғанмын», «Менің елім – Қазақстан» деп әлемге жар салып, бойын мақтаныш кернеген Бекзат Саттарханов еді. Чемпион атанған уақытта еліміздің егемендікке қол жеткізгеніне көп уақыт бола қоймады. Енді ғана тәй-тәй басып келе жатқан бүтін бір мемлекетті бір сәтте жаһан жұртына таныттты. Ол небәрі бес жылдың ішінде әлем шыңын бағындырды. Ұлымды әрқашан мақтан тұтамын, мақтан тұта беремін. Бүгін ерекше қойылымның куәсі болып отырмыз. Қазір артымыздан өскелең ұрпағымыз өсіп келе жатыр. Біз балаларымызға Бекзат сияқты тұлғаларымызды үлгі етіп, осындай рухты ұрпақ өссінші дейміз, – деді спортшының анасы Сырлығүл Саттарханова.

Осынау терең мағынаға ие қойылымның қоғамға айтар ойы, өзіндік қосар үні бар. Режиссер Оразәлі Ақжарқын Сәрсенбек қойылымның берер маңызы мен түйіні турасында пікірін бөлісті. Театр өнерінде жарты ғасырға жуық уақыт қызмет етіп келе жатқан тәжірибелі маман «Біз қойылымда Бекзаттың қалай жеңгенін емес, не үшін жеңгенін көрсеткіміз келді» дейді.

– Көпшілігі неліктен Бекзаттың бейнесін сахналауға тоқталдыңыз деп сұрап жатады. Бүгінгі кезең – дәл сол Бекзат туралы қойылым қоятын заман. Бекзат Саттарханов – кеше ғана жарқ етіп жанып өшіп қалған,

берінің асқақ рухын қуыршақ образында көрсету. Жасөспірімдер аудиториясына арналып әзірленген драма жанрындағы қойылымда кинематография элементтері пайдаланылған. Белгілі спортшының күресі арқылы ұлт тарихын баяндап қана қоймай, қазақ халқының әр дәуірдегі жеңісі мен жеңілісі түрлі символикалық образ арқылы тарихи фактілермен ұтымды байланыстырылған.

Премьераны тамашалауға келген көрерменнің көптігінен залда ине шаншар орын болмағанын аңғаруға болады. Қуыршақ театрында жарық көрген қойылымды өз көзімен көру үшін сонау шақырымды артқа тастап арнайы келген қадірменді қонақтардың арасында дүлдүлдің анасы – Сырлығүл Саттарханова да бар. Аяулы ана қойылым аяқталғаннан кейін сахна төріне көтеріліп, көзі қарақты көрермен мен театр ұжымына жүрекжарды лебізін арнады. Сөз соңында Сырлығүл Саттарханова қойылымның көңілінен шыққанын айтып, «Чемпион» премьерасын сахнаға әкелуге атсалысқан ақкөңіл жұлдыздай есімізде сақталған тұлға. Бұл – қазақтың кім екенін танытатын, келешек ұрпағымыздың бойына дарытатын қойылым. Біз «елім, жерім» дейтін патриот азаматтарды тәрбиелеуіміз тиіс. Ұлтымыз тілі, діні, ділі дейтін үш тағаннан тұрады. Ал сол үш тағанның арғы жағында қазақтың болмысы, орысша айтқанда «менталитеті» тұр. Оны сыйлау үшін ең алдымен өзіміздің кім екенімізді білуіміз тиіс, – дейді қойылым режиссері Оразәлі Ақжарқын Сәрсенбек.

Бүгінде спортшының аз ғұмырда атқарған тындырымды ісі мен халқына сыйлаған қуанышы қазақтың жадынан өшкен емес. Небәрі 20 жасында Олимп тұғырын бағындырған Бекзат Саттархановтың есімі ел тарихында алтын әріппен ойып тұрып орын алары даусыз.

Естеріңізге салайық, театр ұжымы ақпан айында әлемге әйгілі «Етік киген мысық» ертегісінің премьерасын ұсынады.

Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Фото Қызылорда қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебі

NAQYL SÖZ ТІЛДІК ҚОРДЫ БАЙЫТАДЫ

Қазір технология дәуірі белгілі. Сәйкесінше, бұл ғасырдың жастары да шеттерінен өнертапқыш. Оған Қызылорда қаласындағы Назарбаев зияткерлік мектебінің түлектері Алуа Едігеева мен Азиза Жақыпбектің жұмыстары дәлел. Аталмыш мектептің оқушылары заманауи талапқа сай келетін Naqyl söz қосымшасын ойлап тапқан.

Идеяның тууына жастар арасында қазақ тілінің қолдану аясының тарлығы, жас буын өкілдерінің қазақша сөздер мән-мағынасын ұғына бермеуі сияқты мәселелер түрткі болған екен.

– «Өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» демекші, көп тілде сөйлеу тенденциясы қарқынды дамыған заманда қазақ тілінің байлығын сақтап қалу, оны насихаттау маңызды деп санаймыз, – дейді жоба авторлары.

Мобильді қосымшаның құрылымына келер болсақ, ол негізгі төрт бағытты қамтиды. Оның ішіне қазақ әдебиетінде шоқтығы биік ұлы тұлғалардың қанатты сөздері, ел арасында қолданыстан шығып қалған мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер мен көнерген сөздер кеңінен енгізілген. Қосымшаның бірінші бөлімінде «Қанатты сөздер» бағытындағы нақыл сөздер авторлардың есімі бойынша жіктеліп орналастырылған болса, екінші «Мақал-мәтелдер» бөлімінде Отан, табиғат, білім, отбасы және тағы басқа тақырыптарға көбірек ден қойылған. Ал «Тұрақты тіркестер» және «Көнерген сөздер» бөлімдерінде сөздер әліппе реттілігі бойынша орналастырылыпты.

Жоба авторлары заманауи қосымшаның ерекшеліктерін де атап өтті.

«Біз қазақ тілі пәнінің мұғалімдерімен бірігіп, әрбір сөзге терең лингвистикалық талдау жасап, оның түсіндірмесін шығардық. Осылайша, қосымшада әр сөздің түсіндірмесі, қолдану аясы, оның ішінде әдеби кітаптардан мысал ретінде алынған үзінді және орыс, ағылшын тілдерінің аудармасы, тіпті аудио жазбасы ұсынылған», – дейді жас өнертапқыш Азиза Жақыпбек.

Қазір жастардың қазақ тілінен бөлек бірнеше тілді бірге алып жүретінін ескеріп, қосымшаға өзге екі тілдің аудармалары енгізілген. Бұл артықшылықтар арқылы өзге ұлт өкілдері қазақ тілінің күнделікті тұрмыста қолданатын сөздерін жаттап қана қоймай, қанатты сөздеріміздің мағынасын түсіне алатын болады.

«Ағылшын тілі – әлемдік тіл екені дүйім жұртқа мәлім. Naqyl söz қосымшасы арқылы шетелдіктерге қазақша мақал-мәтелдер, тұрақты тіркестер, қанатты сөздерді үйрену және түсіну ыңғайлы болады деп ойлаймыз», – дейді жоба авторы Алуа Едігеева.

Жас өнертапқыштардың туындысын келешекте кез келген адам жүктеп, қолдана алатыны белгілі болды. Оның мақсатты аудиториясына шектеулер қойылмаған. «Мақал – сөздің мәйегі» демекші, жаңа қолданба сөздік қорын қазақ нақылдарымен байытқысы келетін және мағыналы сөйлегісі келетін кез келген адамға қолайлы болары анық. Қазір аталған қосымшаның деректер қоры әлі де толықтырылып жатыр. Жақын арада Play-Market және AppStore электронды дүкендерінде қолжетімді болмақ.

Арнагүл УАТХАН,
ЕҰУ-ның 4-курс студенті

ҰЛТТЫҚ ҚҰРАМА – АЛДЫҢҒЫ ОНДЫҚТА

Биатлоншыларымыз әлем чемпионатында 10-орыннан табылып, тарихи нәтиже тіркеді. Яғни, біздің спортшылар бірінші рет алдыңғы ондыққа кіріп отыр. Биатлон бойынша дүниежүзілік дода Чехияның Нове-Место қаласында өтті.

Қазақстан құрамасы ерлер арасындағы эстафета бойынша сәтті өнер көрсетті. Бұл сында Александр Мухин, Владислав Киреев, Асет Дюсенов және Никита Акимов төрттігі ел намысын қорғаған болатын. Әсіресе, жарыс алаңына алғаш болып шыққан Александр Мухин барлық нысанаға дәл тигізіп, үздік үштіктің қатарына қосылды. Қалған жігіттер осы қарқынды жоғалтпауға тырысып, барын салды. Осылайша, қазақстандық команда жарысты 1 сағат 16 минут 22 секундпен аяқтады.

Алтын жүлде Швеция құрамасына бұйырды. Екінші орын үшін талас аса тартысты өтті және нәтижесінде Норвегия командасы күміске қол жеткізді. Ал Франциядан келген биатлоншылар үздік үштікті түйіндеді.

– Мен жарыс алаңына екінші болып шықтым. Барлық мүмкіндігімді сәтті пайдаланып, мәреге 4-болып жеттім. Айта кету керек, мұнда ауа райы өте жылы. Сәйкесінше, қар кәдімгідей еріп, салмағы ауырлай түсті. Мұның барлығы бізге кедергі жасайтыны анық. Осы тұрғыда командадағы шаңғыны майлап отыратын мамандардың еңбегін ерекше атап өтіп, оларға алғыс айтқым келеді, – дейді Ұлттық құрама мүшесі Владислав Киреев.

НИКИША – КҮМІС ЖҮЛДЕГЕР

Денис Никиша әлем кубогында жүлдеге ілікті. Польшаның Гданск қаласында шорт-тректен дүниежүзілік доданың кезекті кезеңі мәресіне жетті. 500 метрлік бәсекеде қазақстандық Денис Никиша өте сәтті өнер көрсетіп, жеңіс тұғырына көтерілді.

Ол финалда аталған аралықты 41 секундта бағындырып, екінші орынға тұрақтады. Алтын жүлде Канада, қола жүлде Польша спортшыларына бұйырды. Айта кету керек, Денис осы маусымда 3-рет жүлдеге қол жеткізіп отыр. Яғни, Канададағы әлем кубогының жекелей сынында қола және Оңтүстік Кореядағы әлем кубогының командалық сынында тағы бір қола жеңіп алған болатын. Соның арқасында 31 340 ұпай жинап, әлемдік рейтингте 4-орынға тұрақтады.

Бұл – Гданск қаласындағы байрақты бәсеке әлем кубогының шешуші, яғни соңғы кезеңі. Оның қорытындысы бойынша Қазақстан құрамасы 1 күміс пен 3 қола еншілеп, жалпыкомандалық есепте 8-орынға тұрақтады. Енді Ұлттық команда спортшылары әлем чемпионатына дайындалады және осы жетістікті сол жақта қайталауға

тырысады. Жаңа ғана тағы бір қуанышты хабар алдық. Қазақстан құрамасы жасөспірімдер арасындағы әлем кубогында да күміс жүлдеге қол жеткізді. Дүниежүзілік доданы Нидерланд Корольдігінің Херенвен қаласы қабылдап жатыр. Ұлттық құрама қыздар арасындағы эстафетада жүлдеге ілікті. Бұл сынға Алина Әжғалиева, Полина Омельчук, Анастасия Астраханцева, Зейнеп Құмарқан және Гүлдана Жалмұхан бестігі қатысты

NUR MEDIA медиахолдингі
AIQYN
Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС
Директор – Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор – Амангелді ҚҰРМЕТ
Гүлзина БЕКТАС – Бас редактордың бірінші орынбасары
Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ – Шығарушы редактор
Елдар ҚАБА – Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абзал АЛПЫСБАЙҰЛЫ – Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ– Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН – Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ – Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК – Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРҒОЖИНА – Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ – Қызылорда облысы
Баян ЖАНҰЗАҚ – Атырау облысы

«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:
Кәсіпорындар, мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер, соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(701) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklama.aiqyn@gmail.com
ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-61-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның» компьютер орталығында беттелді
ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4415
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС Сілеті көшесі 30, тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ»АҚ Мұқанов көшесі, 223 В
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС, Әлімқұлов көшесі 22, тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,

Газет Қазақстан Республикасының Ақпарат және коммуникациялар министрлігі Ақпарат комитетінде тіркеуге алынып, мерзімді баспасөз басылымын қайта есепке қою туралы №17416-Г куәлігі 25.12.2018 жылы берілді
(Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі №4448-Г – 01.12.2003ж.)

РЕДАКЦИЯНЫҢ МЕКЕНЖАЙЫ:
010000. Астана қаласы, Қонаев көшесі, 12/1
Байланыс телефоны: Астана қ. (7172) 72-95-46
e-mail: aikyngazeti@gmail.com, aikyn_nurmedia@mail.ru

• Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.
• Авторлар қолжазбасы өңделмейді және кері қайтарылмайды.
• Көлемі үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
• «Айқында» жарияланған материалдарды көшіріп немесе өңдеп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынып, газетке сілтеме жасалуы міндетті.

Кезекші редактор – Айдана НҰРМҰХАН